

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

ЕСЕПТЕР ЖИНАҒЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚЫ  
(ЕРЕКШЕ БӨЛІМ)

ҚАРАҒАНДЫ  
2023

Есептер жинағы. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім. // Қарағанды: Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2023. — 71 бет.

**АВТОРЛЫҚ ҰЖЫМ:** кафедра бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі Г.Ж.Мұхамадиева, кафедра профессоры, заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі С.Қ.Алтайбаев, кафедра аға оқытушысы, құқық магистрі, полиция подполковнигі Θ.А.Тұрғанов.

Пікір жазғандар: Е.А.Бекетов атындағы ҚарМУ-нің қылмыстық құқық және криминология кафедрасының меңгерушісі, з.ғ.к., доцент А.Ж. Машабаев, Қарағанды экономикалық университетінің экономикалық және құқықтық зерттеулер ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, з.ғ.к., доцент Сейтхожин Б.У.

Бұл есептер жинағы Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығының Ерекше бөлімінің мәселелерін қамтиды. Жинақты ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстық құқық және криминология кафедрасының ұжымы дайындалды. Жинаққа енген мысалдар сот-тергеу тәжірибесінен арнағы өндөліп алынды. Есептердің шарттарындағы жағдаяттар мен адам аттарының нақты оқиғалар мен тұлғаларға қандай да бір сәйкес келуі кездейсоқ болып табылады.

Бұл жинақ Қазақстан Республикасындағы заңи оқу орындарының курсанттарына, студенттеріне және оқытушыларына, сондай-ақ тәжірибе қызметкерлеріне арналады.

ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының Оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен басылды.

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан Республикасының жоғары заң оқу орындарында қылмыстық құқықты оқытуда тәжірибе сабактарына маңызды рөл беріледі. Тәжірибе сабактарының негізгі мақсаты – тыңдаушыларға сот-тергеу тәжірибесінің нақты жағдайларында қылмыстық заңды дұрыс қолдануды үйрету. Тәжірибелік сабактар қазіргі таңдағы қылмыстық заңнаманың, қылмыстық құқық теориясының терең игерілуіне, тыңдаушылардың пәнді оқу әдістемесін және нақты бір тәжірибелік есептерді шешуде дербес жұмыстар жасауды менгеруіне ықпал етуі тиіс.

Жинақты дайындау барысында авторлық ұжым Қазақстан Республикасының Конституциясының, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің баптарының қағидалары мен Қазақстан Республикасы Жоғары Соты түсіндірмелерін басшылыққа алды, сондай-ақ қылмыстылықпен құрестің қазіргі заманың өзекті міндеттерін ескерді. Сондықтан тәжірибелік тапсырмаларды құрастыру барысында курс бағдарламасының негізгі мәселелерін қамту, қылмыстық заңнаманың мазмұнын неғұрлым толық ашу, оны қолдануда теория мен тәжірибенің даулы мәселелерін ескеру мақсаттары көзделді.

Ұсынылып отырған тапсырмалар сот-тергеу тәжірибесінің тиісті түрде өндөлген мысалдарын немесе оқыту мақсатында ойдан құрастырылған қылмыстық іс фабулаларын құрайды.

Тапсырмалarda келтірілген жағдайлар анықталған деп саналады, әрі оларда сол тапсырманы шешүге қажетті шарттардың бәрі берілген деп есептеледі. Дегенмен де жекелеген тапсырмаларда фабуланың баяндалуына өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі, әрі сол арқылы тапсырманың жана, өзгертілген нұсқаларын жасалуы мүмкін. Тапсырманың шарттарын өзгерту жөнінде тәжірибелік сабак тапсырмасында көрсетілсе бұл міндетті болып табылады.

Тапсырмаларды шешу барысында олардың негізделуіне және дәйектелуіне ерекше назар аудару қажет. Тапсырмалар шешімінде заңдарға, Қазақстан Республикасы Жоғары Соты түсіндірмелеріне, қылмыстық құқықтың теориялық қағидаларына сүйенген дұрыс және де тапсырмада көрсетілген сұрақтарға ғана емес, сондай-ақ, тапсырмадан туындастын өзге де сұрақтарды қамтыған жөн.

Авторлық ұжым ұсынылып отырған жинақтың «Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы» курсын оқуда қажетті көмек көрсететініне үміт артады. Ескертулер мен ұсыныстарының Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстық құқық және криминология кафедрасына жіберулерінізді өтінеміз.

Тел: 8(7212)30 33 68

Fax: 8(7212)30 33 68

## **ЕРЕКШЕ БӨЛІМ**

---

### **ЖЕКЕ АДАМҒА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР**

1. Шу қаласына сапарға шығу үшін Исина Коваленкодан ақша сұрау үшін үйіне келеді. Коваленко ақшаны жыныстық қатынасқа түскен жағдайда ғана беремін дейді, ал Исина мұндай шарттан бас тартады. Осында келіспеушілік жағдайдың нәтижесінде екеуі жанжалдасып, Коваленко Исинаның бетінен бір ұрып, пышақ ала жүгіреді. Исина пышақты жұлып алғып, Коваленконың денесіне бірнеше рет жарақат келтіреді де, пәтерден жүгіріп шығады. Емханаға жеткізілген Коваленко келтірілген жарақаттардан қайтыс болады, ал Исина болса, абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соқтырған денсаулыққа аса қатыгездікпен қасақана келтірілген ауыр жарақат үшін сотталған.

*Сот үкімімен келісесіз бе?*

*Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.*

2. Мас болған Камнев пен Савчук өздерінің таныстары Прохороваға келіп, арақ ішуді үшеуі жалғастырады. Жек көрерліктей қарым-қатынастар арқасында Прохорова Камневті «теке» деп тіл тигізеді. Сонымен қатар Прохорованың аузынан төмендегідей сөздер шығады: «Камнев, сен ерек емессің, әйелің жеңілtek мінезді, ал қыз балаң болса, сенен тумаған». Осында сөздерден кейін екеуінің арасында төбелес басталып кетеді. Прохорованың итергенінен құлаған Камнев, жерден тұра бере қолына түскен балтаның сыртымен өз қарсыласының басынан бірақ ұрады. Прохоров сол жерде тілге келмей қаза болады. Қылмыс іздерін жасыру мақсатында Камнев пен Савчук Прохорованың мәйітін иесіз қалған үйдің ішінде тастың астына көміп тастап, оқиға болған жерден бой тасалап кетеді.

*Камнев пен Савчуктің іс-әрекеттерін саралаңыздар.*

*Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.*

3. Крымова өзінің келіні Чусовамен жек көрерлік қарым-қатынаста болғандықтан, әрқашан онымен жанжалдасып, өз ұлын жұбайына қарсы қойып отырған. Чусова кішкентайлы болған соң, Крымова ол баланы қабылдамай, керісінше «бала ұlyмнан тумаған, көршіден туған» деген өсекті туысқандары мен көршілеріне таратады. Крымованың ұлы да әйеліне деген сенімін жоғалтып, жиі соққының астына алатын болған. Әбден ашынған Чусова жанжалдың бірінде баланы Крымоваға қарай лақтырып жібереді. Сәби қайтыс болады.

*Чусованың жауаптылығы туралы сұрақты шешіңіздер.*

*Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.*

4. Жаңа жыл мерекесінің қарсаңында Үсенов өзінің танысы Рысқұловты өлтіруге бел буған. Оның себебі – Рысқұлов өлген соң, оның әйелімен көңілдес болу еді. Осындай мақсатпен Үсенов жаңа жылдық отбұрқақтар сатып алған, біреуінің ішіне қолдан жасалған жарылғыш орналастырган. Мереке үстінде Рысқұлов, өзінің жолдастары Смаилов, Ильясов және Турдамуловты қасына ертіп алған, балконда отбұрқақтарды атуға кіріседі. Бір сәтте қатты жарылыс болады да, оның нәтижесінде Ильясов қаза табады, ал қалғандары ауыр жаракат алады.

*Үсеновтің жауаптылығы туралы сұрақты шешініздер.*

*Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.*

5. Козлова күйеуіне білдірмей, Самохинмен көңілдес болу үшін жасырын кездесіп жүрген. Бірақ Козлованың күйеуі ол туралы сезіп қалады. Мамырдың 15-де Козлованың жұмыс орны - мұздатқыш цехина Самохин келеді. Сол жерге өзінің күйеуі келе жатқанын көріп қалған Козлова Самохинді мұздатқыш ішіне жасырып, сыртынан бекітіп қояды. Сасқалақтаған Козлова күтпеген жерден келіп қалған күйеуінің «үйге бар» деген талабын бұлжытпай орындаиды. Үйге келгеннен кейін, Козлова Самохинмен жасырын кездесіп жүргендігі жайлы күйеуін хабардар етеді. Ашуланған жұбайы Козлованы соққыға жығып, үйге қамап, өзі жұмысқа кетіп қалады. Ертенінде Козлова үсіп қалған Самохинді мұздатқыш ішінен табады.

*Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағына талдау жасаңыз. Козлова ҚР ҚҚ-нің 104-бабында көрсетілген қылмысты жасады деуге негіз бар ма?*

*Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.*

6. Медициналық куәландырудан өткізу барысында шетел азаматы Смиттен ЖИТС инфекциясы табылған. Смиттің айтуы бойынша ол өзінің аталмыш аурумен ауыратындығы туралы білмейді және Ковальскаямен бірнеше рет жыныстық қатынасқа түскен. Медициналық куәландырудан өткізу нәтижесі бойынша Ковальскаядан ЖИТС инфекциясы табылмаған.

*Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.*

*Смиттің іс-әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері бар ма?*

7. Он екі жастағы Сашаның арқасы бүкір болған. Асыранды балаға Пак жеккөрінішпен қарап, әрқашан оның кемтарлығын бетіне басқан, сондай-ақ шамалы кінәсі үшін баланы жеген асы мен жылы киімінен айырып отырған. Жасөспірім баланың өзін-өзі қол саламын деген тілеуін естіген көршілері Пакке ол жайлы ескерткен. Мұндай ескертуге Пак «өзін-өзі өлтіруге қажет болатын пышак, ұстара, жіп және

басқа да заттарды тығып қойдым» - деп жауап қайтарған. Күндердің күнінде жұмыстар келген Пак қансырап жатқан Сашаны көреді. Ол сынған шынымен өзінің күре тамырын тіліп жіберген. Пак жедел жәрдем шақырып, олар баланы өлімнен құтқарып қалған.

*Пактың іс-әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері барма? Осы жерде кінәнің қандай нысаны орын алған?*

*Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.*

8. Көлік жуатын мекеменің қызметкері Муклимов жұмыс орнында мас күйінде болған. Көлік жуатын бокстың ішінде адам жоқтығын пайдалана отырып, ол автокөлік жуып жатқан Васильеваны өлтіремін деп қорқыту арқылы зорлауға әрекет жасайды. Қолындағы пышақпен қорқыта отырып, Васильеваның үстіндегі киімді жыртады және денсаулығына жеңіл жарақат келтіреді. Ал Васильева қарсылық көрсетіп, кіслерді қомекке шақырады. Жәрдемдесуге келген көлік жуатын мекеме қызметкерлері қылмыстың алдын алады.

*Муклимовтың іс-әрекеттерін қалай саралауга болады?*

*Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.*

9. Соқпақ жол үстінде Ложкин он алты жастағы Тишинаны кездестіреді. Зорлау мақсатында шабуыл жасап, мойны мен кеудесінен қысу нәтижесінде есінен айырылып қалған жәбірленушіні тақаудағы бұталар арасына сүйретіп апарады. Зорлау барысында Ложкин қыз бала өліп қалды деп ойлад, оқиға болған жерден қашып кетеді.

Жәбірленуші мойнындағы қылқындырудан болған зақымын денсаулыққа келтірілген ауыр зардап санатына жатқызуға болады. Тишинаны сандырақтық күйіне душар еткен бұл жарақат өмірге қауіпті екендігі анықталған.

*Ложкиннің қылмыстық әрекеттерін қалайша саралауга болады?*

*Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.*

10. Баев шалғайдағы ауданда өзінің фермерлік шаруашылығын ұстаған. Әртүрлі жұмыстарды істету мақсатында тұрғылықты мекен жайлары жоқ Мышкин мен Лосевті өз фермасына қызметке алады. Баевтың шаруашылығын мекен етіп, жұмыс істеген олар күнбе-күн соққы көріп, өздерінің ұлттық ерекшелігіне қатысты дөрекілік қорлауға душар болған. Баев оларды құл ретінде ұстап, аз ғана кінәсі үшін су мен асынан айырып, зынданға қамап отырған. Бір күні Баевтың мастығын пайдалана отырып, Мышкин мен Лосев фермердің мотоцикліне мініп қашып кетеді де, тақау жерде орналасқан полиция бөліміне шағымданады.

*Баевтың жауаптылығы туралы сұрақты шешіңіздер.*

*Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.*

11. Данченко Слепцовты алдымен жұдырықпен, сонаң соң электрлі дәнекерлейтін аспаппен ұрып-соғып, мұрын сүйектерін ашық түрде сындырып жіберген. Мұрнының үстінде жазылmas тыртық пайда болып, жәбірленуші бетінің кейпін кетірген.

*Данченко іс-әрекеттерін саралаңыздар.*

*Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.*

12. Скворцов көрші үйде тұратын он үш жасар баланы алдап өз пәтеріне енгізіп, онымен жыныстық қатынасқа түскен. Жұбату үшін және болған оқиға жайлы ата-анасына айтып қоймасын деп, Скворцов балаға кәмпіт пен лимонад береді. Алайда, жанға батқан, созылған аурсынудан, сондай-ақ Скворцов тағыда жәбірлеу әрекетін жасайды-ау деп қорыққан бала, болған мән-жай туралы шешесіне айтады.

*Скворцовтың іс-әрекеттерін саралау туралы сұрақты шешіңіздер.*

*Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.*

13. Филатова өзінің жүктілігі жайлы құрбысы Толщенкоға ғана айтып, басқаларынан жасырып жүрген. Сегіз ай өткен соң, Филатова өзінің құрбысы Толщенконың көмегімен күні бұрын босану әрекетін іске асыруға бел буған. Осы мақсатпен Толщенко Филатованың ішінен қатты күш сала отырып ұрады. Филатовада толғақ басталып, екі сағат шамасында іштегі сәби дүниеге келеді. Он минут өткен соң, сәби көз жұмады, Толщенко оның мәйітін шүберекке орап, терен шұңқырға тастап жібереді.

*Филатова мен Толщенконы қылмыстық құқық бұзуышылық жауапкершілікке тартуға бола ма?*

*Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.*

14. Тұн ішінде Китаев үйдің сатылық алаңында Смирнованы зорлауға әрекет жасайды. Зорлаушының қолынан сыйылыш шыққан жәбірленуші үйдің шатырына барып тығылады. Китаев Смирнованың артынан қуа жөнеледі. Шатырда орналасқан терезеден үйдің төбесіне шыққан Смирнова құғыншыдан қашып келе жатып сүрінеді де, үйдің төбесінен құлап өледі.

*Китаев іс-әрекеттерін саралаңыздар.*

*Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.*

15. Ростовский өзінде СОЗ (венерический) ауруы бар екендігін біле тұра, А.-мен жыныстық қатынасқа түседі де, оған ауру жұқтырады. А. өзінде ол аурудың бар екендігін білмей, оны Г.-та жұқтырган.

*Ростовский мен А.-ның жауапкершілігі туралы мәселені шешіңіздер.*

*Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.*

16. Смаков құқық қорғау органдарына анонимдік арыз жазады. Бұл арыздың мәтінінде Смаковтың бастығы Друздев жауапты мемлекеттік

лауазымда отырып, әртүрлі қызметтер атқарғаны үшін жүйелі түрде пара алады екен. Осындай сыйлықтардың арқасында өзіне және туысқандарына үй, гараж, саяжай салып алған.

*Жала жапқаны үшін Смаковты қылмыстық жауаптылықта тартуға бола ма?*

*Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.*

17. Ақсақал Сидоров психиатриалық емханада біршама уақыт стационарлық емдеуде болды. Ұзақ уақыт ем алғаннан кейін дәргелер денсұлығының жақсарғанын байқап, үйіне шығарды. Сидоров ақсақалдың үйінде Сидоров Алексейде тұрып жатты және оған есі дұрыс емес адамның тұрғаны ұнамады. Сидоров Алексей көршілеріне жиі ақсақалдың пышақ ұстап алып қорқытатыны, қолынан тастамайтыны туралы жиі айтатын. Бір ай өткеннен кейін көршілері ақсақалға шынайы көмектесу мақсатында медициналық жедел жәрдем шақырды. Сидоров Алексей ақсақалға қатысты бірнеше ойдан құрастырып «жынды» есі дұрыс емес деген әңгімелерді айтудына байланысты, ақсақалды тағыда психикалық емханаға жатқызыды.

*Сидоровтың іс-әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзуышылық құрамының белгілері барма??*

*Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.*

18. Ташаев Мейрмановаға тұрмысқа шығуын талап етті, бас тартқан жағдайда өзін өзі өлтіретінін айтып қорқытты. Бірақ Мейрманова тұрмысқа шықпайтынын айтып, оған асылуға арқан берді. Ташаев арқанға асылып, өліп қалды.

*Мейрманованың әрекетін саралаңыз.*

*Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.*

19. Пурясев пен Зотов ауыр мас болудың салдарынан келіспей қалады. Пурясев Зотовты балағаттап, қорлады сол кезде Зотов ас үй пышағымен ішінен ұрып жібереді. Содан кейін екеуі қайта татуласып, арақ ішіп ұйықтап қалды. Таңертең Зотов оянғанда қасында Пурясевтің өліп қалғанын байқайды. Өлім көп қан кету салдарынан болған.

*Зотовтың іс-әрекеттерін саралаңыздар.*

*Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.*

20. Соложенкина сәбиден құтылу мақсатында, үлкен ыдыстағы суға босанған. Сараптама нәтижесінде бала дем ала алмаған.

*Соложенкина адам өлтірді деп саралауга боладыма?*

*Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.*

21. Квашин өзінің жұбайын қызғаныштан өлтірге бел байлады. Қылмыс жасауға көмектесуге Вугаевқа 50000 тенге берді. Екеуі әйелді аңдып жүріп, Вугаев оны қатты ұстап тұрды, ал Квашин оны буындырды. Әйел өлді.

*Квашин мен Вугаевтің әрекетін саралаңыздар.*

*Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.*

22. Масколенко Пороховиковтің әйелін зорлаған, Пороховиков оны біліп қойып, оның үйіне барып, Масколенконы, оның бауырын, әкесін және анасын атып тастаған.

*Оқиғаны саралаңыздар.*

*Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.*

## ОТБАСЫНА ЖӘНЕ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР

1. 20 жасар Хасанов кәмелетке толмаған Малахов пен Григорьевті өзімен бірге орманға баруға шақырды. Онда олар бейтаныс бір ер адамды жолықтырады. Хасанов жас жеткіншектерге оны тонауды ұсынады. Бірақ Малахов пен Григорьев ол әрекетке келіспейді, сонда Хасанов бейтаныстың күртесін өзі тартып алады. Кейін олар дәл сол күні басқа жас жеткіншектерді кездестіреді. Ал бұл жолы Малахов пен Григорьев жәбірленушілерге бірінші болып шабуыл жасап, олардың фотоаппаратын, сөмкесін және сағаттарын тартып алады.

*Кінәлі тұлғалардың әрекеттерін қалай саралау қажет?*

*Кәмелетке толмаган адамды қылмыстық іске тарту дегеніміз не?*

*Пікір алмасуға нұсқаларды құрастырыңыз.*

2. Отыз жастағы Петров ұзақ уақыт бойы еш жерде жұмыс істеместен жүйелі түрде арақ ішумен болады. Кәмелетке толмаған Жарбековпен танысқан ол оны үйінен ата-анасының заттарын алғып кетіп, сатуға, ал олардан түскен қаражатқа өзіне азық-түлік пен спирттік ішімдіктер сатып алуға мәжбүрлейді.

*Петровтың іс-әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар ма? Егер бар болса, онда оны қалайша саралауымыз керек?*

*Пікір алмасуға нұсқаларды құрастырыңыз.*

3. Жүйелі түрде жұмыс істемейтін Гвоздев өзінің 15-жасар ұлы мен оның таныс жолдасына бірнеше рет спирттік ішімдіктер ішкізеді. Онан соң оларды ұрлық жасауға итермелейді. Алғашқы бірнеше бөтен мүлікті ұрлауды жас жеткіншектер Гвоздевтің тікелей қатысуымен жасайды. Ал онан соң жас жеткіншектер ұрлықты өздері ғана жалғастырады, ал Гвоздев болса ұрланған мүліктерді қабылдап, оларды өз қалауы бойынша иемденеді.

*Әрбір қылмысқа қатысуышының әрекетінде қандай қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар екендігін анықтаңыз.*

*ҚР ҚК 132 және 133 баптарында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтар арасына шектеуши шарттарды келтіріңіз.*

*Пікір алмасуға нұсқаларды құрастырыңыз.*

4. Круглов белгілі бір уақыт бойы кәмелетке толмаған қыздармен жыныстық қарым-қатынаста болады. Біршама уақыт бірге тұрганнан кейін, бұл мәліметтерді жария етемін деп қорқытып, оларды жезөкшелікпен айналысуға көндіреді. Оларды күзетпен қамтып, оларға клиенттер іздестіріп, сондай-ақ, клиенттерге қыздардың көрсеткен қызметтері үшін

толық және өз уақытында есептесуіне қол жеткізеді. Ол үшін қыздар Кругловқа алған ақшаларының тен жартысын береді.

*Кінәлі тұлғалардың әрекеттерінде қандай қылмыстық құқық бұзушылық құрамы байқалады?*

*Егер де Круглов қыздарға күш қолданған болса, онда ол қылмыстық құқық бұзушылықтың саралануына әсер етеді ме?*

*Пікір алмасуға нұсқаларды құрастырыңыз.*

5. Еш жерде жұмыс істемейтін Волина өзінің кәмелетке толмаған қызын ұрып-соғумен қорқытып, оны үйіне қонаққа келген ерекек адамдармен жыныстық қатынасқа түсуге күштейді. Егер қыз бала бас тартар болса, онда оны шешесі мен келген қонақтары аяусыз ұрып-соғатын көрінеді. Оған қоса Волина қызын мектептен ақша ұрлауға және көшеде қайыршыланып, садақа сұрауға мәжбүрлеп қояды. Осылайша табылған «пайданы» Волина спирт ішімдіктеріне жұмсап, туған қызын тамақсыз қалдырады.

*Волинаны қылмыстық жауапкершилікке тартуға негіз бар ма?*

*Пікір алмасуға нұсқаларды құрастырыңыз.*

6. Казаков, Степанов және Нечаевтар құрамына әйелдер босанатын үйдің медициналық бикесі – Семина және көші-қон полициясының қызметкери Гришина кіретін ұйымдастық топ құрады. Олардың қылмыстық әрекеттері 1-ден 3-жасқа дейінгі балаларды шетелдерге сату мақсатымен ұрлайды. Гришина балаларға жалған құжаттарды дайындау жұмысымен айналысады. Осы істің материалдарын тергеу барысында олардың дені сау балаларды шетелдерге өткізіп, ал ауыр сырқаттанғандарын Казаковтың пәтерінде тамақ-сусыз ұстап тұрғандары анықталды. Өлген балаларды тоғайға апарып көміп тастаған.

*Кінәлі тұлғалардың әрекеттерінде қандай қылмыстық құқық бұзушылықтың белгілері байқалады?*

*КР ҚҚ 135-бабында көрсетілген қылмыс құрамына саралтама жасаңыз.*

7. Н. Пантелеева Клишиннен жүкті болып, бала табады. Бұл жағдайды естіп білген Клишиннің әйелі Пантелееваға өшігіп, кек қайтару шешіміне келеді. Сондай мақсатпен Клишина әйелдер босанатын үйдің медбикесі Шилованы белгілі бір сыйақы үшін Пантелееваның жаңа туған баласын ана сүтін ембей тұрып ауыстырып жіберуге үгіттейді. Н. Пантелеева бұл әрекетті байқамай қалады.

*Клишиннің әйелі мен Шилованы қылмыстық жауапкершилікке тартуға бола ма?*

8. Ерлі-зайыпты Мұратовтар балалар үйінен тоғыз айлық баланы асырап алып, есімін Қайрат деп қояды. Уақыт өте келе бала оларды өз ата-

анасы деп санауы үшін олар басқа қалаға көшеді. 12 жыл өткен соң, Мұратовтардың бұрынғы көршісі, жұмыс сапарында жүріп, кездейсоқ Мұратовтың әріптестерімен танысады, сейтіп, оларға асырап алынған бала туралы айтып береді. Онан соң бұл жайды Қайраттың өзіне де жеткізеді.

*Мұратовтардың бұрынғы көршісі қылмыстық жауапкершилікке тартыла ма?*

*Оның әрекеттерін жіктеп, саралаңыздар.*

9. Ерлі-зайыпты Тарасевичтер күнделікті ішімдікке салынып, үлдары Олегтің тәрбиесіне қажетті көніл бөлмейді. Олегтің мектептегі үлгерімінің әрбір нашар көрсеткіштерін естіген олар баланы қаранды, тышқандар жүретін еден астындағы бөлмеге қамап тастайды. Балаларының қатты айқайлағанына назар аудармастан олар оны сол бөлмеде күніне бірнеше сағатқа дейін ұстайды. Нәтижесінде күндердің күнінде Олег қатты ауруға шалдығып, психиатрлық ауруханаға түседі.

*Ерлі-зайыпты Тарасевичтарды қылмыстық жауапкершилікке тартуға негіз бар ма?*

*Олардың әрекеттерінде қандай қылмыс белгілері байқалады?*

*Пікір алмасуға нұсқаларды құрастырыңыз.*

10. Жанар-жағар май стансасына жақын маңда тұратын 17 жасар Кравцов бірнеше рет бензин буын иіскеп, өзін-өзі мас қылуды әдетке айналдырады. Осындай әрекетті жасауға ол танысы, 15 жастағы Нестеровты қызықтырады. Кезекті соңдай бір басқосуда сарай ішінде бастарына полиэтилен қалталарын киіп, бензин буына мастанып отырғандарында Нестеров қапшықты басынан дер кезінде шешіп үлгермейді, нәтижесінде ол механикалық асфиксиядан қаза болады.

*Кравцовтың жасаған қылмыстық құқық бұзуышылығы қандай?*

*Осы жасаған жайттарға қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*Пікір алмасуға нұсқаларды құрастырыңыз.*

## **АДАМНЫҢ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫНА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР**

1. Пошта бөлімшелерінде хат тасымалдаушы болып қызмет істейтін Журович қызығушылық тұрғысынан бірнеше рет бөтен хаттардың мазмұнымен танысып жүрген. Мұндай хаттардың арасында Журовичтің таныстарына тапсырыс бойынша келетін және кейде арасында сырластық (ашыналық) деректері барлары да болған. Осы хаттардың кейбіреулерінің мазмұнына Журович өзінің асыра жoramалдарын қоса отырып, құрдастары мен туысқандарын хабардар еткен. Үй тұрғындары арасында азаматша Бакаева жайлы өсек таратқан. Мұндай өсек-аян Бакаеваның ар-ожданына тиғен соң, ол оны таратқан адамды айқындаған.

*Пошта қызметкері Журовичтің іс-әрекеттерін саралаңыздар.  
Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.*

2. Металлургиялық өнеркәсіп мекемесінің әкімшілігі жұмыскерлерді қажетті санитарлық-гигиеналық және жұмыстың қауіпсіздік жағдайларымен қамтамасыз етпеген. Осының салдарынан жұмыскерлер арасында жарақат алу мен ауру-сырқаулық арта түскен. Қесіподақ комитетінің басшысы жергілікті ақпарат қуралдарының редакциясынан зауыт басшылығына ықпал етуді сұрайды. Оны біліп қойған зауыт директоры Мамиев мекеме аумағына журналистерді кіргізбеу туралы бұйрық шығарады. Мән-жайды білуге келген баспасөз тілшілері Лемешев және Сыздыкова қаруланған күзет қызметкерлерімен мекеме аумағына кіргізілмейді.

*Мамиевтің іс-қимылдарында қандай да бір қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар ма?*

*Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.*

3. Полицияның участекелік инспекторы Нуриев телефон бойынша анонимдік хабар естиді. Бұл хабардың мазмұнына сай, Шубинаның пәтерінде кеш сайын қоғамдық тәртіпті бұзатын күдікті топ жиналады екен. Аталмыш ақпаратты тексеру мақсатында Нуриев кешкі 23 сағат 30 минут шамасында Шубинаның есігін қағады, өзінің кім екендігін айта отырып, пәтерге кіргізуін сұрайды. Есіктің әр жағынан Шубина «қажетті сұрақтарыңыз болса полиция бөлімшесіне шақырып сұраңыз немесе телефон соғып білуінізге болады» - дейді.

Өз дегенінде тұрған Нуриев «пәтерге кіргізбеген жағдайда полиция жасағы шақырылып, есік бұзылады» - деп қорқытады. Зәресі кеткен Шубина участекелік инспекторды пәтеріне енгізеді. Нуриев бөлмелерді,

шкафтар мен зат сақтайтын жерлерді қарап қызықтырарлық еш нәрсе таппайды. Ал Шубина, маңайдағы көршілер шағымданып жатыр, мұндай жақсылықпен бітпейтіндігі жайлы ескертіледі.

Сол күні Шубина прокурорға участекелік инспекторды жауапкершілікке тартуды талап ету арқылы шағымданады.

*Шағым бойыниша қандай шешім қабылдануы мүмкін?*

*Нуриевтің қимылдары қылмыстық құқық бұзушылыққа жата ма?*

4. Тұрғылықты мекен-жайы жоқ және еш жерде жұмыс істемейтін Аваков құлыпты сындыра отырып Елемесовтің саяжай үйіне кіреді және ол саяжайды бірнеше жұма мекендейді. Елемесов өз саяжайына келгенде Аваковты көріп, шығарып жіберуге тырысады. Алайда, Аваков саяжайдың иесін сабайды және келешекте бұл саяжайды иемденетіндігін айтады.

*Аваков әрекетін саралаңыздар.*

*Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.*

5. Прокуратура тергеушісі Горский Айвазовтың жасаған қылмысын әшкерелеуге қажетті дәлелдемелерді жинап, оған айып тағады. Айвазов істің барлық материалдарымен таныстыруды және оның ішінен кейбір мәліметтерді жазып алуды талап етеді. Сотқа дейін бұл мәліметтер бөтен адамдарға мәлім болу мүмкіндігін ескере отырып, Айвазов қойған талапты қабылдамайды.

*Прокуратура тергеушісінің әрекеттерін саралаңыздар.*

*Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.*

6. “Еңбек” АҚ басшылығы инженерлік лауазымдарға қосымша қызметкерлер алу жайлы жарнама береді. Жұмысқа алу құқығы бар АҚ бастығының орынбасары Ибраевқа азаматша Каримова келіп, қажетті мамандықта жұмыс істейтіндігі жайлы ықылас білдіреді және тиісті құжаттарын ұсынады. Ибраев ұсынылған құжаттармен танысқан соң, Каримованы жұмысқа алатындығы туралы келісімін береді. Бірақ кейіннен Каримованың 1,5 және 2 жасар балалары бар екендігін білген соң, жұмысқа алудан бас тартады. Оның себебі, балалар ауырып қалса, жиі жұмыстан қалып отырады, ал мекемеде онсыз да қызметкерлер жеткіліксіздігі айтылады.

*Ибраевтың іс-қимылдары заңды ма?*

*Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.*

7. Аудан әкімі Елин өзінің орынбасары Рыковтың бақталастығынан қорқып, оның отбасы және жеке басының өмірі жайлы мәліметтерді жасырын жинауды аудандық полиция бастығы Бекетовке тапсырады. Бекетов жиналған мәліметтерді Елинге береді, ол Рыковтың

абыройын төгерліктей ешбір деректер болмағандықтан, алынған мәліметтерді пайдалана алмайды.

*Жоғарыдағы тұлғалардың іс-әрекеттеріне заң тұргысынан баға беріңіздер.*

8. Тау-кен комбинатының цех бастығы Смаков электр құрылғыларын пайдалану ережелерін бұза отырып, жоғары кернеулі желіні алдын-ала тексерістен өткізбей іске қосады. Осының салдарынан комбинатта жұмыс істемейтін Коккозов көшемен келе жатып, жалаңаштанған сымның басын басады да, электр тоғынан келген әсерден қаза табады.

*Смаковтың іс-қимылдарында қылмыстық құқық бұзуышылық құрамы бар ма?*

9. Сайлау комиссиясының мүшесі Козырев участкесінде өзіне жағымсыз кандидатқа көпшіліктің берген дауыстары орын алған бюллетеньдердің бірқатарын бүлдіруге бел буады. Осындай мақсатта Козырев бюллетеньдердегі екінші кандидаттың тұсынан белгі қоя отырып, оларды жарамсыз күйге ұшыратады. Осылайша Козырев 217 бюллетень бүлдіреді. Бұған қарамастан, Козыревке жеккөрінішті ұнатпайтын кандидаты көпшіліктің қалауы болып, сайлаушылар оған көп дауыс береді.

*Козыревтың іс-қимылдарында қылмыстық құқық бұзуышылық құрамы бар ма?*

*Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.*

10. Астық қабылдау бекетінің директоры Мазин мен осы мекеме шебері Разаков бидай төгетін қамбалардың жан-жағын сақтандырғыш бөгеттермен қамтамасыз етпеген. Осының салдарынан астық қабылдайтын бекеттің қызметкері Солдатова құйылған бидайдың легімен түсіргіш люктің ішіне құлап кетіп, қаза болады.

*Мазин мен Разаковтың жауапкершілігі жайлы сұрақты шешіңіздер.*

## БЕЙБІТШІЛК ПЕН АДАМЗАТ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР

1. Аксенов пен Молотков деген азаматтарды полиция органдарының қызметкерлері ұстады. Өйткені олар түнгі уақытта жарнама жапсыратын орында өздерінің параптерын жапсырып жүрген. Параптерында кейбір мұсылман мемлекеттеріне қары соғысқа шығу керек дедінген. Өйткені осылай ғана орыс елінің мәртебесін танытуға, көтеруге болады дедінген. Екеуінің біреуінің сөмкесін тексергенде осы мазмұндас магнитофон үн таспасы табылған.

*Аксенов пен Молотковтың іс-әрекетін саралаңдар.*

Егер тараулармен ешкім таныспаса, магнитофон үн таспасын ешкім тыңдамаса осы іс-әрекетті саралауда өзгере ме?

2. Қазақстан сауда фирмасының өкілі Зинуров қызығушылық танытқан қазақстандықтарға сату мақсатында балалар ойыншығы түріндегі бірнеше жасанды жарылғыш миналар әкелген. Зинуров жасанды миналарын сату үстінде ұсталынды.

*Талдау түрлерін қарастырыңдар.*

Зинуровтың іс-әрекетінде бейбітшілк пен адамзат қауіпсіздігіне қары қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар ма?

3. Ғылыми зерттеу институтының біріндегі Химиялық өндіріс орны қызметкерлері Жданова мен Құлтаев сату мақсатында лабораториялық жолмен 3 литр зарин-нервтік жүйені жансыздандыру әрекеттері бар дәрі дайындаған. Оның 2 литрін террористік үйім өкілдеріне өткізген.

Жданова мен Култаевты қылмыстық жауапкершілікке тартма аламыз ба?

*Талдау түрлерін қарастырыңдар.*

4. Ішкі істер органдарының қызметкерімен Мусаев деген азмат ұсталынды. Ол Ичкерия аумағына келісім-шартпен соғысқа адамдар жинап жүрген. Грозный қаласында РФ ФКҚ (ФСБ) қызметкерлері Қазақстан Республикасының азаматтары Усенов, Кәрімов, Цой және Смайлотовты ұстаған. Тергеу барысында олар Мусаевтың тартуымен РФ-на қары соғысқа қатыспақшы болған.

*Талдау түрлерін құрыңдар*

*Мусаевтың әрекеттерін саралаңдар.*

5. ҚР Н-ск қаласының бактериологиялық лабораториясының жұмысшылары Ишинов пен Касенов Пакистан азаматына сату мақсатында холера-туғызуши, энцефалит және жүқпалы ауруды қоздырушы

вирустарын контейнерімен ұрлайды. Контейнерлерді өткізу кезінде ҰҚҚ-н  
қызметкерлерімен ұсталынған.

*Ишинов пен Касеновтың іс-әрекетін бағалаңдар.*

*Талдау түрлерін қарастырыңдар.*

6. 1942 жылы Когом неміс-фашистері әскерінің жағына өтіп, СС зондер командасының мүшесіне кіріп, Кеңес азаматтарына зорлық жасауға қатысты. Оның көбісі әйелдер мен балалар болғандықтан, оларды концентрациондық лагеріне апарып, алғашында еңбегін қанаумен өтсе, соңынан олар аштан өліпті.

*Талдау түрлерін қарастырыңдар.*

*Когомды қылмыстық жауапкершілікке тартамыз ба?*

7. Қылмыстық топтың өкілдері Махметов пен Галимов қалалық ауруханадан Нидерланды азаматтары Коссен мен Вильбрудты ұрлап кеткен. Олар Қазақстан Республикасындағы қызыл крест қоғамының өкілдері болатын, медициналық жағынан қайырымдылық жасап жүрген.

*Аталған азаматтардың әрекетін талдаңдар.*

*Талдау түрлерін қарастырыңдар.*

8. Әскери ұшқыштар Крылов пен Ли Қазақстан Республикасының ӘҚҚ-де әскери қызметін атқарып жүргендеге террористік ұйымымен келісе отырып, бактериологиялық ракеталарымен оқталған шетел мемлекетінің ұшағын айдалап кетеді. Содан соң олар Франция, Бельгия және Швейцария үкіметінен 500 миллион доллар төлеуді талап еткен. Олар осы ракеталарды кейбір қалаларға жібереміз деп қорқытты.

*Крылов пен Лидің іс-әрекеттерін саралаңдар.*

*Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.*

9. Қазақстан Республикасында тіркелген Протон фирмасы өздерінің қызметін РФ-ның қорғаныс министрлігіне ұсынып, олардың радиоактивті қалдықтарын қорғаймыз деген. Осы радиоактивті қалдықтар шығарылып, Архипелагияның солтүстік жеріне көмілуі тиіс. Бірақ «Протонның» бастығы Ресейдің азаматы Плотников, өзінің Қазақстан Республикасы темір жолында таныстары болғандықтан, радиоактивті қалдықтарды Жезказған облысының бір шахтасына әкеледі. Ол зат суға, жерге төгілген. Оның зардабы 30 км. аймағындағы өсімдіктер мен жануарлар дүниесін жояды.

*Плотниковтың әрекетіне заңды баға беріңіз.*

*Талқылауды қажет ететін нұсқаларды құрастырыңыздар.*

10. Азамат Шолғынбаев заңсыз әскери құрылым ұйымдастырумен айналысқаны үшін ҰҚҚ-нің қызметкерлерімен ұсталынған. Тексеру

кезінде Шалғынбаевтың Қытай Республикасына қарсы жоспары болған. Ол қару-жарақ сатып алған, жас жігіттерді жинақтаған, Қытайдың сол кездегі қарулы құштері туралы мәліметтер жинаған.

*Талдау түрлерін қарастырыңдар.*

*Шалғынбаевтың әрекетін сарапалаңдар.*

# **МЕМЛЕКЕТТІҚ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІНЕ ЖӘНЕ ҚАУПСІЗДІГІНЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР**

1. Жеке кәсіпкер Кузенков ҚХР-да коммерциялық сапарда жүрген. Бір барған қезінде өзінің Ли деген коммерциялық қызметкеріне қарта ойынынан ірі мөлшерде ақша ұтылған, Ли ҚХР-ның ерекше қызметінде кадрлық фицері болған. Картадан ұтылған ақшаны төлеуге Ли Кузенковқа ҚР әскери, саяси, экономикалық жүйелерінің ашық және құпия мәліметтерін жинап беруге көмектесуді ұсынады. Кузенков келісіп көрсетілген мәліметтерді жинап, ҚХР-на барғанда беріп, қарызының бір бөлігін өтеп отырды.

*Кузенковтың іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері барма?*

*Болған жағдайда іс-әрекетті саралау қажет.*

*ҚХР азаматы Лидің жауапкершілігін шешу керек.*

*Нұсқа құрып, талқылау қажет.*

2. Қатардағы Алимов Тәжік-Ауғанстан шекарасын күзетуде Қазақстан батальонында әскери міндеттін атқарып жүреді. Тұнде Ауғанстан адамдары есірткі заттармен шекарадан өтуге талпынған уақытта қарулы ұрыс басталып, Алимов жарапанып, есінен танып қалады. Оны Ауғанстан адамдары тұтқынға алып кетеді. Алимовті азаптау кезінде шекара шебінің орналасу жөніндегі мәліметтерін ашпаған. Бір айдан кейін Алимов тұтқыннан қашып, өзінің әскери бөліміне оралған.

*Алимовті қылмыстық жауапкершілікке тартуға бола ма?*

*Нұсқа құрып, талқылау қажет.*

3. Түркияның ұш азаматы Атырау облысына коммерциялық ұйым ашуға келеді. Шын мәнінде олар Каспий аумағының экономикалық көміртегі қорғаныс потенциалы туралы мәліметтер жинауды мақсат тұтқан. Сол мәліметтерді Түркия әскери барлаушысының офицеріне хабарлау кезінде олардың барлығы ұсталған.

*Жасалған іс-әрекетке заңдылық сипаттама беріңіздер.*

*Пікірлеріңізді қолданылатын заңдарға сәйкестендіріңіздер.*

4. Славян қозғалысының өкілдері “Лад” Шығыс Қазақстан облысының жерінен «Горный Алтай» жеке мемлекеттің құруға баспа арқалы үндеу шығарған. Бұл мәселені шешуде олар қарулы күш қолдануға дейін баратындықтарын мәлімдеген.

*Іс-әрекетті саралаңыз.*

*Егерде бұл адамдар жалпы мемлекеттік референдум арқылы жаңа мемлекет құруға шақырса? Жауапкершіліктері қалай шешілген болар еди.*

## *Жауапкершіліктегі қалай шешілген болар еди*

5. Политехника университетінің 4-курс студенті Үйдрысов ақпараттық технология факультетінде оқитын жолдастарының алдында өз қабілеттілігіне мақтанып, үйіндегі компьютерімен «ғаламтор» (интернет) арқалы Қазақстан Республикасының әуе қорғанысының жүйесіне енген.

*Үйдрысовтың жауапкершілігін шешіңіздер?*

*Алған мәліметтерін шетел өкіліне берсе іс-әрекетті саралауда өзгере ме?*

6. Жедел уәкіл Ергашев құпия бұйрықпен танысу үшін облыстық ішкі істер органына барып құпия бұйрықты арнайы дәптерге жазудың орнына хатшылықта тіркелмеген қызметтік блакнотына жазған. Ергашев аудандық ішкі істер органына келе жатып құпия бұйрықты жазған блокнотын жоғалтқан.

*Ергашевтың іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзуышылық белгілері бар ма. Қылмыстық құқық бұзуышылық белгілері болса іс-әрекетті саралау қажет.*

*Нұсқа құрастырыңыз.*

7. Ирактың территориясында әскери іс жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының батыс әскери округіне запастағы адамдар әскери міндеттерін орындауга шақырылған. Азамат Оразов әскери шақыру қағазын алғып көрсетілген уақытында келмеген. Өзінің пацифист (соғыстың қандай түріне болсын қарсы болатын) екенін және Ирак елінің соғыс басқыншылығына наразылық білдірумен түсіндірген.

*Іс-әрекетке заңдылық сипаттама беріңіздер.*

*Нұсқа құрастырып талқылау керек.*

8. Оңтүстік Қазақстан облысы селолық ауданының әкімі Мурашев сайлау кезінде өзінің бәсекелесі Жолаевтан жеңілгенін біліп, дауыс беруді заңсыз деп таныған. Осыған байланысты Мурашев ауданының іс-құжаттарын беруден бас тартып, отырған бөлмесін босатпаған. Сонымен қатар ол аудандық әкімшілік ғимаратының алдына өзіне жақын адамдардан қарулы құзет қойып, ешкімді кіргізбеуге бұйрық берген.

*Мурашевтің жауапкершілігін шешіңіздер.*

*Нұсқа құрастырып талқылаңыздар.*

9. Психоневрологиялық диспансерінде «шизофрения» диагнозымен тіркеуде тұрған Айтқазиев Қазақстан Республикасының Президентін құртуға жоспар жасайды. Ол осы мақсатта қолдан тапанша жасап, оған оқ алмақшы болады. Жедел әрекет шараларын жүзеге асырушы ішкі істер органының қызметкери Бораевтан оқ сатып алу кезінде Айтқазиев ұсталған.

*Айтқазиевті жауапқа тартуга негіз барма?  
Нұсқа құрастырып талқылаңыздар.*

10. Азамат Мырзоев «Талибан» қозғалысын жақтаушы ретінде Қазақстан Республикасы Бас штабының үйіне жарылғыш қурал қоюға тырысқан кезде қарауылдағы жасақтар оны қолға түсіреді

*Mирзаевтің іс-әрекетін сарапалаңыздар.  
Нұсқа құрастырып талқылау керек.*

## **МЕНШІККЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР**

1. Павленко деген азамат 31-желтоқсан күні тұнгі уақытта маскүйінде дүкеннің терезесін сындырып, дүкенге кіреді. Ол дүкендегі әртүрлі заттарды қапшыққа салып, өзінің ескі етігін жаңасына ауыстырып шыға бергенде оны дүкен күзетшісі ұстады.

*Павленконың іс-әрекеттерін саралаңыз.  
Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

2. Трухинаның жоқ екенін пайдаланып қызғанышпен және кек алу ойымен Старогордиев оның пәтеріне тұсті. Сөйтіп ол Трухинаға қымбат хаттарының бір бұмасын алып кетеді. Сол хаттарды оқи отырып, танымал адамдардың жазбаларын көре келе олардың құндылығын байқаған үры қағаздар үшін үлкен көлемде ақша алатынын сезді және білді.

*Старогордиевтің іс-әрекеттерін саралаңыз.  
Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

3. Жолдыбаев мейманханаға кіріп, сыртқы және бас киімдерін киім қоятын жерге өткізбестен оларға мейманхана қызметшісінің қарап тұруын өтінді. Қызметші ол киімдерді өрт сөндіруші қондырғылар тұратын шкафқа іліп қояды. Осыдан кейін қызметші қысқа уақытқа тысқа шығып кетеді, ал сол мезетте вестибюльде жүрген Маслюков деген азамат жоғарыда аталған заттарды үрлап кетеді.

*Маслюковтың іс-әрекеттеріне сараптама жасаңыз.  
Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

4. Бегляров пен Аниkin тұнде шіркеу есігін бұзып кіріп, майшам және тағы басқа ұсақ-түйек заттарды алады. Олар сол заттарды бөліп алып басқа заттарға айырбастамақшы болды. Соңан соң Аниkin жолдасына шіркеуден біртіндеп шығуға ұсыныс жасады. Бегляров бірінші болып шығуға келісімін берді. Осыдан кейін Аниkin ұсақ заттарды тастанап өзімен бірге иконды алады, өйткені ол иконның тарихи-көркемдік бағасының анағұрлым жоғары екенін естуі бар еді, бірақ ол жолда келе жатып ұсталады.

*Бегляров пен Аникиннің іс-әрекеттерін саралаңыз.  
Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

5. Ақылбаева өзінің жолдасы Масловаға қымбат көйлегін бір кешке береді. Онан соң Ақылбаева көйлегін бірнеше рет сұрайды. Бірде көйлекті бір танысының үйіне тастанап кеткенін айтқан Маслова енді бірде басқа себептер табады. Ақылбаева Маслова бөлмеден шығып кеткен уақытта оның сөмкесінен бір бума ақша алғып, оған көрінбей кетіп қалады.

*Ақылбаева мен Маслованың іс-әрекеттерін саралаңыз.  
Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

6. Серекеев пен Байсақов жол шетінде иесіз түрған көлікті көреді. Оның иесі арғы жаққа бұлақ көзін іздеп кеткен. Олар көлікпен қалаға жетіп алмақ болады. Қалаға жеткен соң Серекеев өз жұмыстарымен кетіп қалады да, ал Байсақов көліктің екі дөңгелегін шешіп алғып сатып жібереді. Және де көліктен ұсақ-түйек саймандар шешіп алады.

*Серекеев пен Байсақовтың іс-әрекеттерін саралаңыз.  
Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

7. Доцент Кретов көршісі қәсіпқой тігінші Юдашкинге жұмысқа бара жатып киімін үтіктеуге қалдырады. Келесі күні Юдашкин ішімдікке салынып, Кретовтың киімін сатып, ақшасын ішімдікке жұмсайды.

*Юдашкиннің іс-әрекеттеріне сараптама жасаңыз.  
Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

8. Бекмағамбетов кинотеатр кассасының жанында Лаврушиннің қалтасына қолын салады. Ол ондағы қағаздарды ақша деп ойлад оларды алғып кетіп қалады.

*Бекмағамбетовтің іс-әрекеттерін саралаңыз.  
Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

9. Криворучко тоқтап түрған поезд вагонына кіріп Волковтың чемоданын алғып шығады. Онан соң оны жақын маңдағы орындыққа отырып аша бастайды. Құлыпталған чемодан оңайлықпен ашила қоймайды, оны бұза бастаған Криворучконың әрекеттері күдік тудырып, бекеттік полиция қызметкерлері оны ұстайды. Кейіннен анықталғандай чемодан ішінде Волковқа тиесілі құнды заттар және жалпы сомасы 5 еңбек ақысынан жоғары ақша болған.

*Криворучконың іс-әрекеттеріне сараптама жасаңыз.  
Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

10. Сәкенов әмбебап дүкенінің жанында салынып жатқан гимараттың 4-қабатына көтерілді. Сол жерден дүкеннің төбесіне түсіп, терезеден 3 тақтай жұлып алады да үйдің шатырына өтеді. Ол жерден әмбебап дүкеннің 2-қабатындағы сату бөлмесіне өту жолы бар. Сол уақытта дабыл соққыш іске қосылып, ол қолға түсті.

*Сәкеновтің іс-әрекеттерін саралаңыз.  
Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

11. Шамин қойма күзетшісі Ореховпен мынадай келісімге келеді. Тұнгі сағат 24.00 кезінде ол орнын босатқан сэтте Шамин қоймаға еніп бағалы заттарды ұрлауы тиіс. Сол бойынша олар алдын ала жоспар

құрады. Орехов өзінің қоймадан кетіп қалу себебін шындау үшін әйелімен келіседі. Әйелі уланды деп 10 жасар қызын әкесіне жібереді. Оны естіген Орехов қойма жарығын сөндіріп кетеді. Қылмыс жасалған түні барлығы жоспар бойынша іске асады. Шамин қоймаға кіріп, бағалы заттарды алыш, қашып кеткен.

*Орехов пен Шаминнің іс-әрекеттеріне сараптама жасаңыз.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

12. Бандитизм үшін бұрын сотты болған Бұрынтаев ұрлық жасағысы келді. Ол жақын маңда орналасқан бос сарайдың ішінен дүкенге жер асты жолын қазбақшы болады. Қылмыс жасайтын күні Бұрынтаев сыраханада Семкин деген жүргізуімен танысып, оның көлігін сарайға тақап қоятынына келісті. Үлкен сыйақыға қызыққан Семкин белгіленген уақытта көлігін аталған жерге алыш барып қояды. Түнгі сағат 24.00 қарай дүкенге енген Бұрынтаев таңғы 03.00-ке дейін көлікке көп мөлшерде тауар тиеп, Семкинді күтпестен өзі айдал кетеді. Заттарды 40 шақырым жердегі орманға жасырып, Бұрынтаев көлікті басқа жаққа тастап кетеді.

*Семкин мен Бұрынтаевтың іс-әрекеттерін саралаңыз.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

13. Андрюшин түн ішінде дүкеннің терезесін бұзып заңсыз кіргені үшін сот үкімімен кінәлі деп танылды. Оқиға былай болған – дүкенге енген Андрюшин дабыл іске қосылғанда 5 шөлмек конъяк алыш терезеден көшеге шығады. Күзетшімен бірге жүгіріп келген Клющевті Андрюшин шеге жұлғышпен басынан ұрып қашып кетеді. Нәтижесінде Клющевтің денсаулығына орташа дәрежеде зиян келтірілді.

*Андрюшиннің іс-әрекеттеріне сараптама жасаңыз.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

14. Бұрын ұрлығы үшін сотты болған Ветров кешкісін буфетке кірді. Онда сатушы Асланбекова ғана болды. Жан-жағында ешкімнің жоқ екеніне көзі жеткен Ветров ешнэрсе айтпастан, ақша жәшігіне таянады да ақшаларды қалтасына сала бастайды. Асланбекова ақша ұрлануына кедергі жасағысы келіп еді, бірақ Ветров оны итеріп жібереді. Буфетші құлап түсіп жарақаттанады. Оның айқайына өтіп бара жатқан адамдар ішке кіріп, Ветровты ұстайды. Сол қарбаласта ол Тунцев деген азаматты бірнеше рет соғып жіберіп, оның денсаулығына жеңіл зиян келтірді.

*Ветровтың жауаптылығы туралы сұрақты шешіңіз.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

15. Мазитов пен Выборнов Халық банкісінен шыққан «Водоканал» басқармасының есепшісі Kochnevті кездестіреді. Олар оған келіп, ақша беруді талап етеді. Соңғысы одан бас тартқан кезде әлгі екеуі оны жақын

мандағы аулаға кіргізіп, сөмкесін ақтара бастайды. Бірақ сол уақытта олардың әрекеттері полиция қызметкерлерінің шарапарымен тоқтатылады.

*Мазитов пен Выборновтың іс-әрекеттеріне сараптама жасаңыз.*

*Осы жағдайда денсаулығына ауыр зақым келтіреміз деп қорқытса қылмыс саралануына себебін тигізе ме.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

16. Ольховский мен Зайченко мас күйінде ауылшаруашылығы институтының қарбызы өсіретін тәжірибелі бау-бақшасына кіріп, бір-бір қарбызы алып шығады. Қарбыздың дәмін татқан олар тағы да бірнешеуін үйлеріне алып кетуге оқталады. Жүгіріп келген қарауыл шал олардың әрекеттеріне тосқауыл қоюға ұмтылды. Бірақ олар шалдың мылтығын сындырып, оны өз бөлмесіне қамап, бос қапшықтарға қарбыздарды толтырып, жымқырып кетеді.

*Ольховский мен Зайченконың іс-әрекеттерін саралаңыз.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

17. Бұрын тонау қылмысы үшін сотты болған Кемелбаев бірінші қабаттағы бөлмеде ешкімнің жоқтығын пайдаланып, көрініп тұрған магнитофонды ұрлауға бел буады. Ол терезе алдындағы гүлдерді ысырып тастап бөлме ішіне енеді. Сол кезде көрші бөлмеде отырған пәтер иесі Ступина Кемелбаевтың әрекеттерін айнадан бақылап көріп отыра береді. Ұры қалаған затын алып, терезеден шығып кетеді.

*Кемелбаевтың жауаптылығы туралы сұрақты шешіңіз.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

18. Бұрын қарақшылық және тонау үшін сотты болған Боранбаев мас күйінде жатақханада тұратын танысы Акеноваға қонаққа келеді. Дәлізben өтіп бара жатып ол бөлмелердің есіктерін кезек-кезек тартумен болды. Бір есік жабық болмай ішінде ешкім жоқ болып шықты. Соны пайдаланған ол стол үстіндегі аудиоплейерді және «Ориент» қол сағатын қалтасына салып алады. Бұл заттардың иесі Елекеева болатын. Сағатты ол сол кеште Акеноваға сыйфа береді, ал плейерді жеке коммерциялық дүкенде бір шөлмек араққа ауыстырып жібереді.

*Боранбаевтың іс-әрекеттерін саралаңыз.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

19. 16-жасар Щукин ішкіштер және карта ойнайтындар ортасына түсіп, ішімдік пен карта ойнына құмарланады. Бірде ұтылып қалып оларға көп көлемде ақша қарызданды. Қарызын өтемек болып ол әке-шешесінің құнды заттарын жасырын алып сатып жібереді.

*Щукиннің іс-әрекеттеріне сараптама жасаңыз.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

20. Букерин 12 жасар Корневті өзімен бірге ұрлық жасауға оны көндіру арқылы азғырады. Баланы ашық тұрған терезеден үйге енгізіп құнды заттарды алмақшы болады. Бала бөлмеге кіруге тырысып жатқанда тайып құлайды да қолын сындырып алады. Ұйықтап жатқан тұрғындар оның айқай-шұына оянып жүгіріп келгенде Букерин жасырынып үлгереді.

*Букериннің іс-әрекеттерін саралаңыз.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

21. Аксенин мен Қонақов бұзақылық ниетпен алдын ала сөз байласып, Шутовты өлтіруге әрекет жасайды. Олардың алғашқысы қысқашпен басынан ұрып өлтіргендеге, екіншісі оның қолынан сағатты шешіп алғып иеленеді.

*Аксенин мен Қонақовтың іс-әрекеттеріне сараптама жасаңыз.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

22. 20-жасар Тәкенов танысу мақсатымен екі қыздың жібек орамалдарын жұлып алғып, оларды кеудешесінің түймелеріне қыстырып, сол паркте қыдырып жүрген. Көп ұзамай ол полиция нарядымен ұсталды.

*Тәкеновтің іс-әрекеттерін саралаңыз.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

23. Карпекин, Кузин, Татюнин және Колощев вокзал перронында сыра ішіп тұрды. Қатты мас күйінде тұрған Тихоновтың қолындағы сағатты көріп Колощев оны шешіп алуды ұсынды, оған Карпекин қосылды. Олар бөтен біреулерден таса болсын деп Тихоновтың екі жағынан келіп тұрады. Карпекин сағатты шешіп Колощевқа береді. Олар зат сақтау камерасы жанында полиция қызметкерлерінің қолына тұсті. Перрондағы жолаушылар сағаттың ұрлануын көрмеген. Куәгер Яковleva мас адамның жанында біреулердің жүргенін және кейіннен ғана Тихоновтың қолында сағаттың жоқ екенін байқағанын айтты. Кузин сағатты шешуге қатысқан жоқ. Карпекин, Татюнин және Колощевтар оны өзіміздің адам деп ойлады, ал ол болса сыра ішіп тұрып бәрін көргенімен ешқандай кедергі жасамаған.

*Карпекин, Кузин, Татюнин және Колощевтың әрекеттерін сараптаңыз.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

24. Секінбаев жанынан өтіп бара жатқан Нелованың аң терісінен жасалған бас киімін жұлып алады. Бір сағаттан соң ол қолында чемоданы бар такси күтіп тұрған Приходьконың қасына келеді. Онымен әңгіме қозғап бірге такси тоқтатуды ұсынды. Кенет қас қағым сэтте ол Приходьконың қолынан чемоданды жұлып алғып, тез жасырынып кетеді.

*Секімбаевтың жауаптылығы туралы сұрақты шешіңіз.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

25. Сабиев баласының үйлену тойын өткізу үшін тұскі ас ішетін асхананың бөлмесін жалға алады. Тұн жартысынан кейін қайтқан қонақтар келесі жексенбі күні тойды жалғастыруға келісті. Ұрлығы үшін бұрын сottы болған көрші үйдің тұрғыны Жаркенов таңғы сағат 04.00-те толық жабылмаған асхананың терезесін ашып, онан 7 шөлмек арақ ұрлайды, сондай-ақ, Зяброва деген азаматшаның аң терісінен жасалған кеудешесін де қыстырып кетеді.

*Жаркеновтың әрекеттерін сараптаңыз.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

26. Ағайынды Данилиндер ұрлау мақсатымен Глушкованың ауласына кіреді. Данилин Виктор ауыз үйдің төбесіне мініп, терезе арқылы шатырға шығады да екі шолақ тонды ұрлайды. 13-жасар Данилин Петр бұл уақытта жағдайды бақылап үйдің жанында тұрды және ұрланған заттарды алды.

*Данилиндердің жауаптылығы туралы сұрақты шешіңіз.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

27. Колесникова екі ай ішінде әртүрлі емханаларда тондары мен пальтоларын киім ілетін орынға өткізген әйелдердің нөмірлерін ұрлап, сол арқылы киімдерді жымқырып отырған. Жалпы алғанда ол түрлі бағалы 5 тон және 4 пальто ұрлаған.

*Колесникованың іс-әрекеттерін саралаңыз.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

28. Плотников Фролованың үйіне кіріп, ондағы тұрған сандықты ашып, одан құнды заттарды ала бастаған. Сол уақытта төсекте жатқан Фролованың 14-жасар қызы Валентина оянып кетеді де Плотниковтан не үшін келгенін сұрайды. Плотников оған көрпемен жамылдып алуын және үндемеуін талап етіп, болмаса сойып тастаймын деп қорқытты. Сөйтіп ол ақша және киетін заттарды алып шығып кеткенімен жолда ұсталады.

*Плотниковтың іс-әрекеттеріне сараптама жасаңыз.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

29. Медовкин балауыздан /из воска/ тапанша пішімін жасайды. Ол түнде Вечерниковты кездестіріп, оған өз «тапаншасын» бағыттап, одан дереу ақша мен сыртқы киімін шешіп беруін талап етеді. Қалаған заттарын иемденген Медовкин жасырынып үлгереді.

*Медовкиннің іс-әрекеттерін саралаңыз.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

30. Цыганков өзін электр желілерін жөндеуші деп таныстырып, дүкен менгерушісі Бабушкинаның пәтеріне кіреді. Өзімен ала келген

құрал-саймандарымен жөндеу жұмыстарын жасап жатқандай сыңай танытып, стол тартпасындағы көп мөлшерлі ақша сомасын көріп қалады. Дүкеннің кірісі болып табылатын сол ақшаны жасырын қалтасына салған «жөндеуші» пәтерден сыйылып шығып кетеді.

*Цыганковтың іс-әрекеттеріне сараптама жасаңыз.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

31. Темір жол аялдамасында Наконечкинмен танысқан Захарян өзінің жолдасын күтіп тұрғандай болып оның шолақ кеудешесін 20 минутқа сұрап алады. Кеудешені алысымен ол аяндал барып жасырынып кетеді. Оның қалтасында Наконечкинге тиесілі құжаттары және 5 мың теңге ақшасы болған.

*Захарянның іс-әрекеттерін саралаңыз.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

32. Комбайншы Сурин және оның көмекшісі Бакенов комбайн бункерінен 270 кг. бидай алады да оны машинасымен өтіп бара жатқан Сорокинге сатып жібереді.

*Сурин мен Бакеновтардың іс-әрекеттеріне сараптама жасаңыз.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

33. Дүкен менгерушісі Калинина дүкен ішін жылдыту мақсатында тоқ пеш қосып, өзі түскі ас ішуге кетеді. Мұның нәтижесінде дүкенде өрт шығып, ауқымды мөлшерде материалдық құндылықтарды құртады.

*Калинаның іс-әрекеттерін саралаңыз.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

34. Іссапарға кетіп бара жатып Максимов өзінің бөлмесін қызметтесі Синицынға қалдырады. Қын жағдайларға тап болған Синицын Максимовтың заттарын сата бастайды. Сөйтіп ол жалпы алғанда 7 мың теңгениң заттарын сатып жіберген.

*Синицынның іс-әрекеттеріне сараптама жасаңыз.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

35. Мұқанов өзімен қастық қатынаста өшігіп жүрген Қайменовтың үйін жағып жібереді. Өрттің салдарынан Қайменовке 3 млн. теңге көлемінде залал келтірген.

*Мұқановтың іс-әрекеттерін саралаңыз.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

36. Рымбаев 2015 жылы 22 қаңтар өзінің үйіне алыс емес жерде оналасқан коммерциалық дүнгіршектің темір есіктерін ломмен бұзып, оның ішінен бір жәшік арақ, 5 корап шоколад, 10 пачка қымбат темекі және ұрланған заттардың барлығын өзінің үйіне апарып қойды. Біршама

уақыттан кейін қолына қап алып дүңгіршекке келіп, ешкім жоқ екенін байқап 20 бөтелке арак, 10 бөтелке шампанды қапқа салып, дүңгіршектен шығып бара жатқанда полиция қызметкерлерімен ұсталынды.

*Рымбаевтың іс-әрекеттерін саралаңыз.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

37. Оныншы сынып оқушылары Сергеев пен Садыков алтыншы сынып оқушысы Байтазаевтан 5000 теңге ақша талап етті, егер ол екі күн ішінде алып келмесе, олар ұратынын айтты.

*Сергеев пен Садыковтың іс-әрекеттерін саралаңыз.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

## АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР

1. Сатушы Мохнатов жұмыс орнында шарап сатты, бірақ ол жұмыс берушінің шарабы емес өзінікі болды. Осы әрекеттерін жасыру мақсатында электронды кассалық құралдағы ақпаратқа арналы құрлығылармен өзгертулер енгізді.

*Іс-әрекеттерді саралаңыз. Егер осы әрекеттерді жұмыс берушінің тапсырмасымен салық органдарынан жасыру мақсатында электронды кассалық құралдағы ақпаратты арналы құрлығылармен өзгертулер енгізсе, саралау өзгере ме.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

2. Патова Мишутовпен танысып, жігіт өзінің белгілі ірі АҚ маңызды лауазымда жұмыс істейтінін айтты. Айтқанының шын екенін білу мақсатында Патова ғаламтор арқылы қорғау ақпаратын бұзып, аталған АҚ желісіне кіріп, Мишутовтың сол мекемеде жұмыс істейтінін, бірақ басқа лауазымда екенін анықтап алған.

*Патованың іс әрекетін саралаңыздар.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

3. Абдрахманов автомашинасына заводтан орнатылған борт компьютерінің чип бағдарламасын өшіріп, орнына ғаламтордан тегін кең тараған бағдарламаны орнattы.

*Абдрахмановтың іс әрекетін саралаңыздар.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

4. АҚ директоры Шалабаев басқа бәсеке мекеменің банктік шотын білгісі келді. Ол маманды жалдап, ғаламтор арқылы банктің қорғау бағдарламасын бұзып, өзіне керекті шот бойынша жасалған банктік операцияларды тауып, оны манитор экранына шығарды. Шалабаев ақпаратты көріп және керекті шоттар туралы мәліметтерді блокнотына жазып алды.

*Іс әрекеттерді саралаңыздар.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

5. Деменко баспахана курьері қызығушылықпен 500 теңге тұратын дискетаны ұрлап алды. Дискетада Теміртасовтың романы жазылған, оны қарап шығып, өшіріп тастаған. Редактор дикетаның ұрланғанын біліп, Темиртасовқа хабаралсады. Ол жалғыз көшірмесі ғана екенін айтты және келісім шарт бойынша оған 5000 АҚШ доллары төленуі қажет еді. Кейін дискетаны курьер Деменко ұрлағаны анықталды.

*Іс әрекеттерді саралаңыздар.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

6. Коммерциялық банктің директоры Бюсембаев қызметкерлерге компьютердің дисководына вирусқа тексерілмеген дискеталарды салуға тыйым салды. Бас бухгалтер Жулицкая директордың тыйымын бұзу салдарынан мекеменің локальдық желісіне вирус кіріп, компьютерлер істен шығып, ақпараттар жойылды. Жұмысты қалпына келтіру 90.000 тенгеге шықты.

*Iс әрекеттерді саралаңыздар.*

*Талқылауга өзге де нұсқалар құрастырыңыз.*

## **ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САЛАСТЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР**

1. “Айсберг” АҚ директоры Печалин Қарағанды облысы әділет басқармасындағы заң тұлғаларды тіркеу бөлімі бастығы орынбасары Бочкаревтін жақын туысы болып, балмұздақ шығаруымен айналысатын осындай АҚ тіркеуде тыйым салуды өтінген. Осындай қылықтарымен Бочкарев жыл бойы айналысқан болатын. Қаланың ішінде балмұздақ өндірісімен басқа да бірнеше акционерлік қоғамдардың айналысы мен өзінің бас тартуын дәлелдеді.

*Бочкаревтің іс әрекеттерін анықтаңыз.*

*Өз ұсыныстарыңызды талқылау үшін құрастырыңыздар.*

2. Заңсыз банктік әрекеттермен бірнеше рет сотталған Оспанов және оның жолдасы Малахов қаланың шетіндегі иессіз қалған бала бақшасында лицензиясыз және әділет органдарында мемлекеттік тіркеусіз кондитер бүйімдарын өндіру бойынша кондитер цехін жабдықтаған. Дайын өнімдері қала және облыс сауда орындары мен базарларда сатқан. Сегіз айдың ішінде олар 1012000 теңге көлемінде пайда алған. Өзара бірге жасаған іс әрекеттер нәтижесінде алған ақшаны олар бөліп алған.

*Кінәлі болған тұлғалардың іс әрекеттеріне заңды баға беріңіз.*

*Өз ұсыныстарыңызды талқылау үшін құрастырыңыздар.*

3. “Мор деликатес” АҚ директоры Михайлов Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тиісті рұқсатысыз жылдық отыз бес пайыз өнім алу үшін жылжымалы мүлік кепіліне қысқа мерзімді несиelerді заңды және жеке тұлғаларға өз ұйымынан таратқан. Оның орынбасары Кенжин оған адамдар іздестірген. Бас бухгалтер Симонова барлық қажетті құжаттарды рәсімдеген. Сонымен, олар бір жыл ішінде 835000 теңге алған. Алған ақшаны Михайлов, Кенжин және Симонова өз мақсаттарында пайдаланған.

*Михайлов, Кенжин және Симонованың іс әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы барма? Бар болса, оларды саралаңыз.*

*Өз ұсыныстарыңызды талқылау үшін құрастырыңыздар.*

4. Ибраев мырза пластмасса бүйімдарын өндіру бойынша заң күші бар “Эдельвейс” сауда фирмасының жауапкершілігі шектелген серіктестігін құрып, тіркеген. Содан соң Ибраев мырза “Банк Центр Кредиттен” өндіріс дамытуға жалпы сомасы 750 мың теңге несие алған болатын. Бірақ өзі бұл іс әрекет түрімен айналғысы келмейді, себебі оның пайдасы есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттарды өндеуіне қарағанда пайдасы тым аз. Қаржы полициясының қызметкерлері

“Эдельвейс” фирмасының қоймасын тексеріп шыққанда, есірткі құралдар мен жүйкеге әсер ететін заттарды өндіріп шығарған. Тергеу барысында, “Эдельвейс” фирмасының тіркеу мезгілінен бастап жеті ай бойы есірткі құралдарды және жүйкеге әсер ететін заттарды өндіру, алу, сақтау және сатумен айналысқаны анықталды. Сонымен, мемлекетке үлкен зиян келтірілген.

*Ибраевтың іс әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық барма?*

*Өз ұсыныстарыңызды талқылау үшін құрастырыңыздар.*

5. Жеке кәсіпкер Марченко “Алаш” банкісінен жалпы сомасы 830000 теңге несие алған. Марченко банкқа кепіл ретінде сатып жіберген өз үйін салған, бірақ банкке хабарламаған. Марченко ақшаны алып, қашып кеткен. Осыған байланысты банкке зиян келтірілген.

*Марченконың әрекеттеріне заңды баға беріңіз.*

*Өз ұсыныстарыңызды талқылау үшін құрастырыңыздар.*

6. 2001 жылы “Энергоресурстер” ЖШС директоры Блялов “Қазкоммерцбанк” ААҚ-тан несие шартты негізінде жылдық 25 пайыз төлеуімен үш айға сомасында 5000000 теңге несие алып, көрсетілген мерзімде қайтармаған. 2002 ж. “Қазкоммерцбанк” ААҚ бастылығы “Энергоресурс” ЖШС-нен несиелік қарыз мәжбүрлеп алу бойынша сотқа шағымданды. Алған несиені қайтару туралы соттық шешімінің заңында күшіне енгенинен соң, “Энергоресурс” ЖШС-нің директоры 12 ай ішінде төлеуден бас тартқан.

*“Энергоресурс” ЖШС директоры Блялов қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін бе?*

*Өз ұсыныстарыңызды талқылау үшін құрастырыңыздар.*

7. Қасенов базарда белгісіз адамнан 200 теңгелік ақша көбейту техникасын пайдаланып шығарылған белгісі бар жалған 10 мың теңге алған. Қасенов жалған ақшаны жою және бөтен мүлікті алу мақсатында алған ақшаның 7 жалған теңгеліктерінен төлеген. Жәбірленуші Алексеева мен Мохрова Қасеновтың қараңғы кезеңде, кешкі уақытта сатып алған заттар үшін жалған ақша бергенін, олар ақша белгілерінің жалған болуын ақшаны есептеу кезінде ғана анықтағандықтарын көрсетті

*Кіналі тұлғалардың іс әрекеттерін сараптаңыз.*

*Өз ұсыныстарыңызды талқылау үшін құрастырыңыз.*

8. Федулов, мамандығы бойынша гравер, 5000 тенгелік банктік билеттерді дайындау үшін цинк металдан үлгі жасаған. Федулов, бір ақшаны жасап, өз әйелі арқылы базардан азық-түлік сатып алған кезінде сол ақшамен төлеген. Содан соң, Федулов тағы 5 жалған ақшаның үлгісін жасап, теледидар сатып алған кезінде оларды дүкенде нақты ақшалармен

бірге төлеп тастаған. Бір күннен кейін, Федулов 10 жалған ақша жасап, радио заттар бөлімінде бейнемагнитофон үшін төлеу кезінде ұсталған.

*Федулов пен оның әйелінің іс әрекеттерін сараптаңыз.*

*Федуловтың әйелі жалған ақшаның болғанын білмесе, жасалған іс әрекетінің сараптамасы өзгере ме*

*Өз ұсыныстарыңызды талқылау үшін құрастырыңыз.*

9. Қостанай облысының Жұлдыз кеден орнының инспекторы Абдрахманов Ресей Федерациясы Челябі қаласында іс сапармен болған. Қостанайға оралған кезінде, Абдрахманов декларациясыз 15000 мың АҚШ долларын өткізген

*Абдрахмановтың жасаған іс әрекеттеріне заңды баға беріңіз.*

*Өз ұсыныстарыңызды талқылауга келтіріңіз.*

10. Кеден қызметі Ресейден әкелінетін жүктөрді тексерген кезінде “Вечность” фирмасына жататын жүк автокөлігі тоқтатылған. Оның ішінде декларацияға сәйкес 200 литрлік бөшкелерге құйылған спирттік ішімдіктер емес шырындар болғаны туралы жазылған. Тексеру барысында оның ішінде медициналық спиртің болғаны анықталды. “Вечность” фирмасын тексеру кезінде, фирмада шыны цехінің болуы анықталып, “Парламент” арағының фирмалық шынылары сияқты жасалған шынылар шығарылған. Тасымалданған спиртті олар араластырған және дайын шыныларға құйған, ал содан соң, “Парламент” арағының ресми дистрибуторлары ретінде сауда үйлеріне сатқан. Содан басқа, фирмандың президенті Уваров көбейту техникасын пайдаланып “Парламент” арағының акциздік маркаларының өндірісін реттегені анықталды.

*Уваровтың іс әрекеттерін сараптаңыз.*

*Өз ұсыныстарыңызды талқылауга салыңыз.*

11. Галиевтың өтініші бойынша, Қарағанды қаласының қаржы полициясының органдары “Лира” сауда банкінің қаржы-шаруашылық қызметін тексерген. Тексеру барысында келесі бұзушылықтар анық болған: банктің бас есепшісі Емелина бас директоры Әбдікәрімовтің нұсқауы бойынша үш жыл бойы “екі есеп” жүргізген. Салық органдары ұсынылатын құжаттардың бірінде қызметкерлердің ақысы 10-15 мың теңге болған, ал нақты түрде әр қызметкерлерге қосымша 150-200 АҚШ доллары төленген. Бірақ, ресми есептіктерде бұл көрсетілмеген, ал бақылау органдарына тапсырылмаған құжаттарда көрсетілмеген. Қосымша төлемеген салықтардың жиыны 2 млн. теңгеден жоғары болған.

*Кінәлі тұлғалардың іс әрекеттеріне заңды баға беріңіз.*

*Өз ұсыныстарыңызды талқылау үшін құрастырыңыз.*

12. Азық-түлік дүкенің сатушысы Исиба алты ай ішінде өлшемдік майонез сатқан, оны сумен араластырған және 1 сорт ұнын жоғары сорт

ұны ретінде сатқан. Анықталғандай, Исина сатып, алушыларды бірнеше рет өлшеуден алдаң есептеуден алдаған. Сатып алушыларды алдау нәтижесінде, Исина жалпы дегенде 27000 теңге үстіне алған.

*Исинаның іс әрекеттерін қалай сараптауга болады.*

*Өз ұсыныстарыңызды талқылау үшін құрастырыңыз.*

13. Бекмурзинаның ата-анасы республика конкурсы «Жаса қанат» жүріп жатқан Муратов деген конкурсік төрағасымен танысты. Олар Муратовқа «Ыссық-көл» көлі санаториясында жолдама алғып береміз деді, егер ол конкурста жеңіп шықса. Муратов осымен келісті Бекмурзина «Жас қанат» республикалық конкурсынде бірінші орын алды.

*Осы кінәлі адамдардың әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар ма.*

*Өз ұсуныстарыңызда талқылауга құрастырыңыз.*

14. Коптлеуов деген кәсіпкер Балқаш қаласының қаржы полициясымен тексерілді. Көптлеуов деген азамат 20.12.1999 ж. жеке кәсіпкер ретінде занды құқығы жоқ ретінде тіркеледі.

Ол 1999-2000 ж. уақытындағы табысы туралы декларациясын 27.01.2001 ж. әкеліп тапсырды. Осы декларациясында тіркелу жасалған уақытысынан бастап ешқандай табысы жоқ деп көрсетті.

Бірақ ЖШС «Балқаштамақ» жүргізген қарсы тексеру мәлеметтері бойынша Коптлеуов 2000 ж. бойынша ЖШС «Балқаштамаққа» 1351572 тенгеге азық – түлік тамақтарды әкеліп тапсырғаны анықталды.

Ал ЖШС “Балқаштамақ” ол үшін оған сол соммаға қантпен есептесті. Осы қанты Коптлеуов қаланың базарында әртүрлі бағаларымен сатқан. Осыған сәйкес, ол есепте болмаған 1478292 теңге қант үшін жалпы табыс алған.

*Көптлеуовтың әрекетін сарапалаңыздар.*

*Өз ұсыныстарыңызды талқылауга нұсқа құрастырыңыз.*

15. Левин мен Мочалов деген азаматтар жұмсақ мебельді жасаған кезінде бөтен Ресми фирмалық товарлар белгісін қолданды. Левин мен Мочалов мебельді сатқан кезде оның бағасын шын бағасынан көтеріңкі бағамен сатты. Осының нәтижесінде 2546836 теңгеге зиян келтірілді.

*Левин мен Мочаловтың әрекеттерін сарапалаңыздар.*

*Өз ұсыныстарыңызды талқылауга нұсқа құрастырыңыз.*

## **КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҰЙЫМДАРДАҒЫ ҚЫЗМЕТ МУДДЕЛЕРИНЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР**

1. «Смағұлов және К» қорының бас директоры Смағұлов осы қордан аса ірі көлемде материалдық пайда табуға бел буады. Сол үшін қор салымшыларының ақшаларына аса ірі пайыздық үстеме төлейтіндігіне өзінің жарнамалық хабарларында үзбей уәде береді. Смағұлов уәде еткен дивиденттерді төлеместен салымшылардың ақшаларын жымқырып, белгісіз бағытта жасырынып үлгерген.

*Смағұловтың әрекеттерін анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

2. «Үміт» акционерлік банкісінің президенті Аманжолов валюта қаражатын мақсатсыз пайдалану жолымен қаржы-шаруашылық қызметтің талаптарын бірнеше рет бұзған. Оның тікелей нұсқауымен жоғары бағаға жылжымайтын мүлік, автокөлік, ұйымдық техника сатылып алынып, банк қызметтерінің штаты негізсіз ұлғайтылған. Осындай қызметтің салдарынан ҚР Ұлттық Банкі «Үміт» банкісінің лицензиясын қайтарып алады. Нәтижесінде банктің бірнеше мындаған салымшылары өздерінің ақшаларынан айрылып, банк қызметкерлері жұмыссыз қалды.

*Аманжоловтың қандай қылмыстық құқық бұзушылық жасаганын анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

3. «Фемида» нотариалдық кеңесінің иесі Ғалиев жылжымайтын мүліктің сатып алу-сату актісін тіркейді. Сатылған үй шын мәнінде ата-анасы көлік апатынан қаза болған 14 жасар Байболатовтікі болатын. Ата-анасы қайтыс болған соң Байболатов балалар үйінде тәрбиеленіп, ал үй оның нағашысы Үбираевтың қарауында қалады. Қаржы қыындығына тап болған Үбираев жиенінің үйін сатуға бел байлайды. Ол үшін Үбираев жиенінің көмелетке толмағанын айтЫП, үйді өз атына қайта ресімдеуді өтініп Ғалиевтан көмек сұрайды. Ғалиев үйді Үбираевтың атына аударып береді. Бұдан соң Үбираев үйді Мұқышевқа сатып, сатып алу-сату актісін Ғалиевқа тіркеттіреді. Үбираев үйден түскен ақшаның бір бөлігін Ғалиевқа береді.

*Мұндай жағдайда қылмыстық құқық бұзушылық бар ма?*

*Егер бар болса онда ол қандай қылмыс?*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

4. Тұн ішінде жеке меншік күзет қызметкерлері ҮІСҚАҚОВ пен Ким фирма офисінен «Сони» теледидарын ұрламақ болған Мининді ұстайды. Офистен үйымдық техникалар бұрын да ұрланғандықтан күзетшілер Мининнің сол қылмыстарға қатысы бар-жоқтығын тексермек болады.

Оның қолын байлап, күзет бастығының бөлмесіне әкеліп, ұрып-соғып тергей бастайды.

*Жауапкершілік туралы мәселені шешіп, кінәлілердің әрекеттерін анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

5. «Фармасервис» фирмасының директоры Омаров өзінің фирмасын сатпақ болады. Оның бағасы жоғары болуы үшін ол аудиторлық сарап жүргізуге өзінің танысы, жеке меншік аудитор Қалиевты шақырады. Сараптама кезінде Қалиев директордың тарапынан қаржы тәртібін елеулі дәрежеде бұзуға жол бергендігін анықтағанымен, оны өзінің қорытынды құжаттарында көрсетпеген. Қалиевтан дұрыс қорытынды алған Омаров өзінің фирмасын көтеріңкі бағамен Бекбергеновке сатады. Ақшаның бір бөлігін Омаров Қалиевке береді, ал бір айдан соң Бекбергеновтың фирмасы «тақырға отырып қалады».

*Омаров пен Қалиевтың қандай қылмыстық құқық бұзушылық жасаганын анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

6. «Әділ» АҚ коммерциялық директоры Салехов өз өнімдерінің бағасын негізсіз төмендету жолымен “Арай” АҚ-дағы бәсекелесінен құтылу жолдарын ойластырады. “Арай” АҚ-ның өзіндік құнын білу мақсатымен Салехов сол мекемедегі директорлар құрамындағы танысы Қасеновке барады. Мұндай ақпараты үшін ол Қасеновке 50 мың АҚШ долларын және «Әділ» АҚ филиалының бірінен басшылық лауазым беруге уәде етеді. “Арай” АҚ-на қатысты демпингтік саясат жүргізу кезінде бұл фирмалың коммерциялық ісі қатты нашарлайды. Екі айдан соң Салехов пен Қасенов ақша беру үстінде ұсталады.

*Жауапкершілік туралы мәселені шешіп, кінәлілердің әрекеттерін анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

7. «Ақжол» фабрикасы директорының кадр мәселелері жөніндегі орынбасары Маматов күзетшілер Цимбаренко мен Хабибуллинді жұмыстан шығарамын деп бір жыл ішінде үш рет қорқытқан. Жұмыссыз қалудан қорыққан олар жалақыға қосымша төленетін сыйлықтарын Маматовқа беріп отырған. Сыйлық ақша алыш құныққан Маматовтың үстінен ол кезекті қорқыту жасағанда күзетшілер шағым жазып, құқық қорғау органдарына барады.

*Маматовтың қандай қылмыстық құқық бұзушылық жасаганын анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

8. Θз тауарларын сатудан барынша көп пайда табуды ойлаған «Әлия» ЖШС-нің вице-президенті Жұнісбеков «КамАЗ» көлігіне 2 тонна жүкті артық тиеуге жарлық береді. Таудың қия жолымен келе жатқанда көлік аударылып, жүргізуші Құланбаев пен экспедитор Рысбаев қаза табады.

*Жұнісбековтың әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар ма?*

*Егер бар болса онда ол қандай қылмыс?*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

9. Қаржылық пайданы жоғалтпауды ойлаған “Круиз” жеке меншік кәсіпорнының директоры Жәнібеков өндірістік байқау уақытының өтіп кеткеніне қарамастан аспалы жолдағы вагоншаларды техникалық байқаудан өткізуге жарлық берген жоқ. Сөйтіп, алдын алу-жөндеу жұмыстары дер кезінде жүргізілмегендіктен вагоншаның тросқа бекітілген жері үзіліп кеткен. Соның салдарынан бақылау вагоншасы тау беткейінен құлап 3 адам қаза болып, 7 адамның денсаулығына әртүрлі деңгейде зақым келген.

*Жәнібековты қылмыстық жауапқа тартуға бола ма?*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

## **ҚОҒАМДЫҚ ҚАУПСІЗДІККЕ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПКЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР**

1. Титовтың басшылығындағы террористік ұйым саяси талап қоя отырып, (15 адам) кепіл адамдарды тұтқынға алды. Кепілге адам ұстағандардың тобын Дотов басқарды. Жутов қатардағы орындаушы ретінде болды. Олардың барлығы атыс қаруымен қаруланған. Кепілдегі адамдар отырған ғимаратқа оларды құтқару үшін атойлап шабуыл жасау туралы шешім қабылданды. Атойлап шабуыл жасау барысында құқық қорғау қызметкерлері қаруынан кепілде болған екі адам қазага ұшырады. Кепілде болған адамдардың қалғаны құтқарылды. Террористер қару қолдану мүмкіндігі бар болса да, қару қолданып үлгерmedі. Титов, Жутов және Дотов тірідей қол тұсті.

*Титов, Жутов және Дотовтың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз. Құқық қорғау қызметкерлері қабылдаған шешімге қылмыстық-құқықтық баға беріңіз. Қосымша басқа қылмыс құрамдарымен саралау талап етілеуді ма?*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

2. Хасенов мас күйінде көшеде бейтаныс әйелдің өзімен бірге қыдыруын талап етіп, тиісе бастайды. Әйел одан бас тартады, сол кезде ол әйелге дөрекі сөздер айтады. Сол маңайда жүрген полиция қызметкері Хасеновке өзімен бірге бөлімшеге жүруін талап етеді, сол кезде Хасенов полиция қызметкерінің бетінен жұдырықпен ұрып және аяғынан шалып құлатады. Жетіп үлгерген басқа полиция қызметкерлері Хасеновты ұстайды.

*Хасеновтың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз. Қосымша басқа қылмыс құрамдарымен саралау талап етілеуді ма?*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

3. Мас күйінде зейнеткер Заболотов Энск қ. ПБ кезекші бөліміне қоңырау соғып, егер Үкімет екі сағаттың ішінде зейнетақыны екі есе арттыру жөнінде жария хабар таратпайтын болса, №97 гимназияны жарып жіберетінін, ол жерде жарылғыш зат қойылғандығын хабарлайды. Алайда, Заболотовтың айтылған қауіп-қатерін орындауға ешқандай мүмкіндігі, ешқандай піфылы болмаған.

*Заболотовтың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

4. «Аврам» автотұрағында күзетші болып жұмыс істейтін Уваров мас күйінде жол бойында орналасқан жарық беру аспаптарына қарай тапаншадан оқ атқан.

*Уваровтың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

5. Мамонтов шағын калибрлі тапанша бөлшектерін ұрлап, жетіспейтін бөлшектерін қолдан жасап, атуға жарамды қаруды көршісіне сатып жібереді.

*Мамонтовтың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

6. Өз үйінде тегіс ұңғылы аңшы мылтығын сақтаған Вуалиев одан шолақ мылтық жасайды. Оған келген Зубарев сол шолақ мылтықты жымқырып кетеді.

*Кінәлілердің әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

7. Прохоров өзінің үйіндегі құрастырылған сейфте тапанша сақтаған. Оның ұлы тапаншаны кездейсоқ тауып алғып, қызықтап қарап отырған сэтте атып жібереді де, қарындасын жарақаттайды.

*Кінәлілердің әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

8. Яковлев, Курдячев және Махмутов қылмысты ұйымдастыруышы Яковлев жасаған жоспар бойынша адамдарды ұрлауды ұйымдастырып, оларды босату үшін 10 000 000 теңге көлемінде ақша талап еткен.

*Кінәлілердің іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

9. Шолақ мылтықпен қаруланған Иванов, Сәрсембаев және олармен бірге кәмелетке томаған екі жеткіншек күндізгі мезгілде дүкендерге, ал түн ішінде азаматтарға шабуыл жасаған.

*Кінәлілердің іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

10. Кеден бақылауында жеке қарау жүргізу кезінде Суреновтің қол жүгінен жалпы құны 300 000 теңге болатын есірткі заттары мен бір атыс қаруы табылған.

*Кінәлілердің іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

11. Мақсұтов, Яковлев және Игнатьев тағы бес адамды жинап кешкі мезгілде дүкендердің үлкен терезелерін, автомобильдердің шыныларын сындырған. Полиция қызметкери ескерту жасағанда Мақсұтов пен Яковлев полиция қызметкерін ұрып-соғып, қашып кеткен.

*Кінәлілердің іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

12. Нұра өзенінен төрт адамның мүрдесі табылды. Кісі өлімін тергеу барысында құдікті ретінде үш адам ұсталады. Олардың үйымдастырушысы бұрын сottы болған Суриков, ал қалған екеуі сottалмаған. Кісі өлтірудің технологиясын және қылмыс жасауды үйымдастырушының өзі ойластырған: болашақ «құрбандарын» базардан таңдаған, оларға көтерме бағамен сатуға тауар ұсынады да, тауар үшін есеп айырысады бір фирманиң офисінде жүргізуді белгілейді. Адамдарды иесіз аумақтағы орналасқан вагон-жайға шақырып, онда оларға тұзак салып, буындырады. Ал тауарлар мен ақшаны өзара тең бөліскең.

*Кінәлілердің іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

13. Қыдырбаев, Семенов, Рахметов кешкі уақытта шахтадан қайтып келе жатып, студент топтың бұзақылық шабуылына тап болып, оларға жеңіл түрде дene жарақаттары келтіріледі. Бұған ашуулары келген олар достары шахтадағы жұмысшыларды жинай бастайды, содан кейін таяқ және шыбықтармен қаруланған тобыр жатақхана жаққа қарай барып, сол жерде әрбір студентті соққыға жығып, студенттердің бөлмелерін талқандап, өрт қояды. Орын алған құлмыстық құқық бұзушылық бойынша оқиға орнына келген жол-патурльдік полиция жасағы (5 полиция қызметкери) тәртіп орната алмай, өздері соққыға жығылады. Қыдырбаев, Семенов және басқалары қалың топты студенттерге және полиция қызметкерлеріне құш көрсетуге белсенді қатысу үшін үгіттеп тұрды. Осы жаппай төбелес кезінде полиция қызметкерлерінің біреуіне орташа дәрежедегі, ал бес студентке ауыр дәрежеде зардал келтірілді. Бұл оқиғаға жиырмадан астам адам қатысты, осы оқиғаның салдарынан көлік қозғалысы тежеліп және полиция қызметкерлерінің екі арнайы көлігі бүлінді.

*Кінәлілердің іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

## **ХАЛЫҚТЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ЖӘНЕ ИМАНДЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР**

1. Азамат Озеровтың жеке меншік үйінен кеппеген салмағы 500 гр. марихуана табылған.

*Озеров қылмыстық жауапқа тартыла ма? Озеровтың іс-әрекетіне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*КР ҚҚ-ң 296-бабына сипаттама беріңіз.*

2. Кудасов өзінің он бес жасар көршісі Тахирға, Энск қаласының бір шетінде тұратын жолдасы Елубаевтан дәрі әкеп беруін сұрайды. Тахир Елубаевтан түйілген орманы алғып, үйіне маршруттік таксимен келе жатқанда оны полиция қызметкерлері ұстайды. Бұл оралған заттың ішінен салмағы 200 грамм гашиш есірткі заты табылған.

*Кудасов әрекетінде қылмыс құрамының белгілері бар ма? Егер болса, онда оның іс-әрекетін саралаңыз.*

*Тахир мен Елубаевтің іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

3. Максимов есірткі затын сатумен айналысқан. Есірткі заты бітіп қалған себептен ол Токарев пен Сергеевке төрт пакет ақ порошок сатады. Соттық-химиялық сараптама қорытындысы бойынша, Токарев пен Сергеевтан алынған пакетте қант құмы болған.

*Токарев пен Сергеев қылмыстық жауапқа тартыла ма?*

*Максимов әрекетін саралаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

4. Каримов белгісіз біреуден құрамында әсер ету күші аз есірткісі бар дәрі сатып алады. Содан кейін ол химиялық-фармацевтикалық заводта істейтін өзінің танысы Қолбаевтан құрамында көп мөлшердегі есірткісі бар порошок жасап беруін сұрайды. Қолбаев белгілі бір сомаға келісе отырып, дәріні ұсатып, құрамында күшті есірткісі бар ұнтақ жасайды. Қолбаевтың пәтеріне тінту жүргізу барсында полиция қызметкерлерімен бұл ұнтақ тәркіленеді.

*Каримов пен Колбаевтың іс-әрекеттерін саралаңыз.*

*Қандай әрекеттер жүйкеге әсер ететін есірткі заттар мен психотроптық заттарды өңдеу белгілеріне жатады.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

5. Кузьмин бақшасында өсіп тұрған тұрған сораны (қарақурай) орып алғып, үйінің шатырында оны кептіреді. Кептірілген сораны ұсақтап, оны полиэтилен қапшықтарына бөліп салады. Содан кейін 17 жасар Махмудовты есірткі тартуға бейімдеу үшін оған, 10 грамм "гашиш" есірткісін сыйға береді. "Гашишті" қалай шегетінін, одан қандай әсем әсер

алатынын көрсөтті. Махмудов оны пайдаланбай, қоқыс жәшігіне лақтырып жібереді.

*Кузьмин іс-әрекеттерін саралаңыз.*

*Есірткі затты дайындау мен қайта өңдеудің айырмашылығын табыңыз?*

*Кәмелетке толмаған адамды есептегетемін заттарды пайдалануға тартуудың (ҚР ҚК 133-б.1б.) көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты есірткі, психотроптық заттарды, сол текестерді тұтынуға қондіруден (ҚР ҚК 299-б.3б.1т.) айырмашылығы неде?*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

6. Облыстық наркологиялық диспансерде ”нашақор” деген диагнозбен тіркеуде тұратын Идрисов есірткі затқа еліктеу жағдайымен дәріханаға кіреді. Дәріхана сатушысы Самсонованы қорқыту арқылы одан есірткі талап етеді. Есірткіні алғып, Идрисов оны соққыға жығып, оқиға болған жерден қашып кетеді. Соның салдарынан Самсонованың денсаулығына ауыр дәрежедегі зардап келтіріледі.

*Идрисовтың іс-әрекетін саралаңыз.*

*Жүйкеге әсер ететін психотроптық заттар мен есірткі заттарды жымқырудың қорқытып алушылықтан айырмашылығы.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

7. Алимов іс сапарға кетіп бара жатып, жалдап тұру үшін бір айға үйінің кілтін азғана төлем алғып, танысы Аношкинге тастап кетеді. Аношкин және оның жолдастары бір ай бойы Алимовтың үйінде есірткі заттарды тұтынумен болған. Олардың есірткі заттарын тұтынғандарын Алимов білмеген.

*Алимов ҚР ҚК-н 302-бабы бойынша қылмыстық жауапқа тартылады ма?*

*Аношкин мен оның жолдастарының іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*ҚР ҚК 302-бабы бойынша қылмыстық жауаптылық шарттары қандай?*

*Егер Аношкин және оның жолдастары Алимов үйінде 2 рет ғана есірткі тұтынған болса, бұл саралауға әсер етеді мे?*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

8. Қалалық емхана қоймасының менгерушісі Жұзбаев жүйкеге қатты әсер ететін улы заттарды кәдімгі шкафта сақтаған. Кейіннен, улы заттардың бір бөлігі сол жерден жымқырылған.

*Жұзбаевты “улы” заттарды сақтау ережелерін бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартамыз ба?*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

9. Вокзалда орналасқан ”Бистро” кафесі қалалық денсаулық сақтау бөлімінің санитарлық-эпидемияологиялық қызметімен жабылған. Кафе менгерушісі Лихачев аталған қызметтің ескертуін жоймастан, екі жолаушы сұранысы бойынша оларға шай және балық тағамдарын сатады. Көп уақыт ұзамай жолаушылар тамақтан уланудан ауруханаға жатқызылады. Үш күн өткен соң, жолаушылардың біреуі қайтыс болады.

*Лихачевты қылмыстық жауапқа тарту негіздері бар ма?*

*Егер бар болса, онда бұл қылмыстық құқық бұзуышылық құрамын ашиныз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

10. Балқаш қаласының таукен metallurgia комбинатында апат болғандықтан, улы заттар Балқаш көліне тасталған. Бұл туралы комбинат директоры Құсайынов қала әкімі Өтегеновке хабарлайды, ал ол бұл туралы ешкімге айтпастан, үйіне демалуға кетеді. Соның салдарынан келесі күні суға шомылған адамдар емдеу мекемелеріне денсаулықтары кенеттен нашарлады деген өтініштерімен жүгінген екен.

*Құсайынов пен Өтегеновтің іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

11. Еш жерде жұмыс істемейтін III-ші топтағы мүгедек Ларинов қала шетіндегі үйшікті жөндеп алады. Оған қажетті жиһаздар апарып орналастырады. Содан соң ол жасөспірім балаларға, ақшалай ақысына сол үйшікті жүйелі түрде беріп отырған, сол жерде жасөспірімдер ”толуол” иіске және есенгірететін дәрілік заттар тұтынған.

*Лариновтың іс-әрекеттерінде қандай қылмыстық құқық бұзуышылық құрамы бар?*

*Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтыну үшін притондар үйымдастыру немесе оларды ұстау, сол сияқты осы мақсаттар үшін үй-жайлар берудің (КР ҚК 302-б.) есірткі, психотроптық заттарға, сол тектестерге жатпайтын дәрілік немесе басқа да құралдар мен заттарды пайдаланып есенгірету үшін притондар үйымдастыру немесе оларды ұстау, сол сияқты осы мақсаттар үшін үй-жайлар беруден (КР ҚК 310-б.) айырмашылығы неде?*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

12. Бұрын сottы болған Орлов еш жерде жұмыс істемеген. Бейіттердегі темір қоршауларды кесіп алғып, содан соң оларды темір алатын орындарға сатып күнін көрген.

*Орловтың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

13. 16 жастағы Воронин және 14 жасар Семенов “Балапан” бала-бақшасының, балабақша балалары ойнап жүрген жерде, иесіз мысықты ұстап алып, оны құйыршығымен талға іліп, жүндерін күйдіріп, содан соң долана ағашының талшығына аяғымен байлап қойып, қиналғанын қарап тұрады. 30 минуттан кейін оның үстіне бензин шашып өртеп жібереді.

*Семенов пен Ворониннің іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

14. Малявский дүкенде видео және аудио заттар сатады. Тексеру жүргізу барысында қатігездік пен зорлық-зомбылықты насиҳаттайтын бейне кассеталар табылыш, тәркіленеді. Бұл бейне кассеталардың жартысын кәмелетке толмағандарға сатқан.

*Малявский іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

## **МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР**

1. Филатова өзінің жүктілігі жайлы құрбысы Толщенкоға ғана айтып, басқаларынан жасырып жүрген. Сегіз ай өткен соң, Филатова өзінің құрбысы Толщенконың көмегімен күні бұрын босану әрекетін іске асыруға бел буган. Осы мақсатпен Толщенко Филатованың ішінен қатты күш сала отырып ұрады. Филатовада толғақ басталып, екі сағат шамасында іштегі сәби дүниеге келеді. Он минут өткен соң, сәби көз жұмады, Толщенко оның мәйітін шүберекке орап, терен шұңқырға тастап жібереді.

*Филатова мен Толщенконың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

2. Гинеколог-дәрігер Немилкина өте лас антисанитарлық жағдайда, тиесілі аспаптарды қолданусыз және осындай операцияларды жасау ережелерін бұза отырып, Пактың пәтерінде Абзаловаға түсік жасайды. Оған түсік жасауға ешқандай медициналық білімі жоқ Пак көмектескен.

*Немилкина мен Пактің іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

3. Трофимова маскүнемдік ауруына шалдыққан күйеуін емдеть үшін, газетте ”халық емшісі–нашақорлықтан, шылым шегуден, арақ ішуден емдейтін” деген хабарландыру оқып, соған жолығады. Трофимова халық емшісі ретінде хабарландыру берген Мышикинаға 700 теңге ақша беріп, шөп-дәрі сатып алады. Мышикинаның арнайы медициналық білімі, лицензиясы болмаған. Мышикина аталған шөп-дәріні тамаққа қосып бер деп айтады. Трофимова оның нұсқауын орындаған соң, оның күйеуінде аллергиялық шок басталады. Бірақ алғашқы дәрігерлік көмек көрсеткенудің нәтижесінде Трофимовтың өмірін құтқарып қалады.

*Мышкинаның іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар ма?*

*Трофимова іс-әрекеті қылмыстық-жауапты болады ма?*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

4. Фельдшерлік бөлімде менгеруші болып жұмыс істейтін Шестакова, 8 қантар күні Нечаевада қан кетумен ұласқан босану басталғанын анықтайды. Бұл дерек туралы Шестакова ауданың бас акушер-генеколог дәрігеріне хабарламайды. Босанудың асқынуына байланысты Нечаеваның тасымалдауға жарамайтындығын біле тұрып, Шестакова оны 18 шақырым қашықтыққа жүк көлігінің кабинасында тасымалдауға өзінің келісімін береді. Босанушыны ауруханаға жеткізген

соң Шестакова науқастың жағдайы туралы қабылдаған дәрігер қызметшілерді ақпараттандырмай кетіп қалады. 9 қантарда Нечаева аналық жатырдан қан кетуден қайтыс болады.

*Шестакованың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

5. Козинцева Силантьевпен некеге тұрып, төрт айлық жүктілік жағдайында болған. Бұл туралы білген Силантьев некені сақтау шарты ретінде түсік жасауға жеткізуді қалайды. Бірақ Козинцева бас тартады. Силантьев сол кезде Козинцеваны коммерциялық үйымда жұмыс істеген кезде аса ірі көлемде салық төлеуден жалтарғаны туралы мәліметті таратамын деп қорқытады. Психологиялық қысым көрген Козинцева фельдшер болып жұмыс істейтін көршісі Миронованы түсік жасауға көмектесуін сұрайды. Миронова оған қатты әсер ететін психотроптық дәріні егеді. Организмнің психофизиологиялық процесінің күшеюі салдарынан мезгілсіз босану орын алады. Бала туа біткен кем ақылдықпен дүниеге келеді. Козинцева дозаны артық беруден қайтыс болады.

*Кінәлілердің іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

6. Науқас Акимов іш мүшесіндегі күшті ауыруға шағымданып емхананың қабылдауына келеді. Дәрігер Левицкая одан сақтандыру полисін талап етеді. Акимов оны бір жерге қойып, таба алмай қойғандығын айтЫП жауап береді. Левицкая оны қараудан бас тартады. Акимов үйге келеді. Түнде күшті ауыру қайтадан басталады. Эйелі жедел дәрігерлік көмекті шақырады. Акимовті жедел түрде хирургиялық бөлімге жеткізеді. Тексеру барысында одан перитонит (іштегі көкшандырдың қабынуы, ол көптеген органдар мен жүйелердің дұрыс жұмысы бұзылуымен үштасатын организмнің улануынан пайда болады) анықталады. Алайда Акимовті құтқару мүмкін болмайды.

*Левицкаяның іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

7. Жоғары медициналық білімі бар, хирург Бидсман өзінің үйінде жабдықталған операция бөлмесінде ешқандай лизенциясыз жүйелі түрде жүктілік көрсеткішінің мерзіміне қарамастан жүктілікті үзу бойынша ақылы түрде ота (операция) жасап отырған. Бірақ, ешбір клиенттері зиян көрмеген.

*Іс-әрекетке қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

8. Каменов жол-көлік оқиғасына түсті. Ол ауыр жағдайда ауруханаға жеткізілді, ол жерде оған медициналық көмек көрсетілді. Сондай-ақ, көмек көрсете барысында оның сап-сау бүйрекін жасырын түрде алып қояды, кейін оны ауыстырып салу (трансплантация) үшін пайдаланған.

*Кінәлілердің іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріп, жауапкершілік мәселесін анықтаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

## **ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР**

1. Ет комбинатын салу құрылышы барысында тазарту қондырғыларын толық орнатуға қаражат жетпей қалады. Осы орайда, комбинаттың жұмыс істеуін тоқтатпау үшін және оның құрылышына кеткен шығынды тезірек өтеу мақсатында облыс әкімшілігінің басшысы жоспарлаушылар және құрылышшылармен келісе отырып, уақытша тазарту қондырғыларын пайдалану арқылы комбинатты іске қосуға шешім шығарды. Комбинат директоры Маслов пен бас инженер Потанин уақытша тазарту жобаларының тиімділігіне сенімсіздік танытты.

Ет комбинатының аталған жоба бойынша жұмыс істеуі барысында ақау шығып, жақын мандағы өзенге зиянды қалдықтар түседі, ол өз кезегінде, балықтардың жаппай қырылыш қалуына себеп болды.

*Маслов пен Потанин қылмыстық жауапкершилікке тартылуы тиіс не?*

*Егер де тиіс болса, онда олардың іс-әрекеттерінде қандай қылмыс белгілері бар?*

*Жан-жсануарлардың немесе өсімдіктердің жаппай қырылуы дегеніміз не?*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

2. Тараз қаласында ұзак уақыт бойы жұмыс істеп келе жатқан химиялық заттар шығару зауыты өндірісі қайта жөндеу және қондырғыларын алмастыруды талап етеді. Бірақ жергілікті әкімшіліктің оған қажетті қаражаты болмауы қол байлайды. Зауыттың бас инженері Волков кез келген күтпеген жағдайда ауаға улы газдың тарап кету қаупі бар екендігін ескертіп, бірнеше мәрте баянхат жазады. Ол жақын арада жөндеу жұмыстарына керекті ақшаны аударамыз деген уәде ғана алады. Әкімшілік бұл міндеттемелерін орындағанда қандалады. Волков өндірісті жедел тоқтату мәселесін көтереді, ол, өз кезегінде, жергілікті бюджетке едәуір ықпал ететін еді. Дегенмен өндірісті тоқтатуға тыйым салып, әкімшілік Волковты лауазымынан босату жөнінде сұрақ қояды.

Бірнеше күннен соң зауыт өндірісінде апат болып, жақын мандағы аймақтарда адамдар денсаулығының күрт нашарлауына әкеп соқты. Жиырмадан астам адам ауруханаға жеткізілді. Облыстық прокуратура Волковқа қарсы ҚР ҚК 324-бабында қарастырылған қылмыс белгілері бойынша қылмыстық іс қозғады.

*Осы жасалған іс-әрекеттерге қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*Облыстық прокуратураның шешімі заңды ма?*

*ҚР ҚК 324-бабы бойынша кінәлілерді қылмыстық жауапкершилікке тарту сұрақтары қалай шешілуі тиіс?*

*Қоршаган ортанды ластану дегеніміз не?*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

3. Теміртаудағы металлургиялық комбинатта жарылыс қаупі пайда болды. Оның алдын алу үшін директор Иванов ауаға улы заттарды шығару туралы нұсқау берді. Бұл шешімге келер алдында ол ауа-райын болжау мекемесінің бастығы Кудрявцевпен қала тұрғындарының денсаулығына едәуір зақым келтірмеу мақсатында болжамды желдің бағыты туралы ақылдасты. Өкінішке орай, белгіленген күні желдің бағыты күрт ауытқып кетіп, қала үстінде 5 сағаттан астам уақыт газды бұлт тұрды. Соның салдарынан, келесі күндері дәрігерлерге денсаулығының күрт нашарлап кетуіне байланысты медициналық жәрдемге 30-дан аса тұрғындар жүгінді, олардың 12-сі «қатты уланған» диагнозымен ауруханаға жеткізілген.

*Иванов ҚР ҚК 329-бабымен қылмыстық жауаптылыққа тартыла ма?*

*Атмосфераны ластау нәтижесінде адам денсаулығына зиян келтіру дегеніміз не?*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

4. Сынап қышқылын тасымалдауға арналған арнайы қораптарды сатып алуға қаражат болмағандықтан лаборатория бастығы Мұқтаров лаборант Яковlevaға ол заттарды жай (қарапайым) қораптармен жөнелтуге нұсқау береді. Төрт айдан соң темір жол стансасы жук бөлімінде жұмыскерлер Тен және Қалиевтар өздерін әлсіз, нашар сезінеді. Оларды «жедел жәрдем» алып кетіп, ауруханада оларға «сынап буымен уланған» деген диагноз қойылады.

Тексеру барысында жук бөлімінде бірнеше жарамсыз, қирап қалған тасымалдау жәшіктері табылады, оларды ашып қарағанда 5 қорапта сынап ағындылары байқалады.

*Мұқтаровтың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз?*

*Яковлеваның әрекеттері ҚР ҚК 325-бабына сәйкес қылмыс құрамына жатады ма?*

*Экологиялық ластанудың нәтижелерін залалсыздандыру бойынша шара қолданбаганы үшін қылмыстық жауаптылық қандай жағдайларда басталады?*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

5. «Свердлов» шаруашылығының мал дәрігері Қадыров ережелерді өрескел бұза отырып, бруцеллезben ауырған 3 сиырды табыннан бөлек шығармады. Соның салдарынан тағы үш сиыр сол ауруды жүктірады. Сиырлардың ауруға шалдыққанынан хабарсыз кезекті демалысынан келген сауыншы Садықова оларды сауып, сүтті күбіге құйып, ауылдағы балалар бақшасына жөнелтіледі. Соның салдарынан 8 бала ауырып, жергілікті ауруханаға тұсті.

*Қадыров пен Садықованың іс-әрекеттері ҚР ҚК 327-бабында қарастырылған қылмыс белгілеріне жақта ма?*

*Мал емдеу ережелерін бұзуга не жатады?*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

6. Майқұдық құс фабрикасының директоры Орлов бас маман Федоровтың тазарту қондырыларының істен шыққаны туралы баяндамаларына құлақ аспай өндірісті тоқтатпау және ол туралы ешкімге хабарламау жөнінде тапсырма берді. Көлге тазартылмаған заттар қалдықтарын төгу нәтижесінде ауыз су сапасы тез арада залалданып, тұрғындар қатарының іш, асқазан ауруларына шалдығуына әкеп соқты. Қала прокуроры Федоровтың қылмыстық жауаптылығы жөнінде мәселені көтерді. Жауап алу барысында ол өзінің емес, фабрика директоры Орловтың кінәлі екендігін мәлімдеді.

*Осы жасалған іс-әрекеттерге қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*Кінәлі адамдардың қылмыстық жауаптылығы туралы мәселе қалай шешімін табуы тиіс?*

*ҚР ҚК 328-бабында қарастырылатын қылмыста зиянның қандай түрі елеулі болып саналады?*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

7. Зиманов, Кравчук және Саматов үшеуі бірнеше рет мұнай құбырларына шығып, одан бензин ұрлайды. Олар жасаған тетікті ағым қысымы жарып кетіп, үлкен ауқымдағы жер бір тәулік бойы ластанып ағаштар мен бұталардың құруына әкеп соғады. Зиманов, Кравчук және Саматовты ҚР ҚК 332-бабы 1-бөлігі бойынша жауапқа тартуға байланысты олардың қорғаушылары мынадай шағым түсірді: жерді ластауда мұнай құбырлары бойындағы жұмыскерлер кінәлі, себебі олар өздерінің селқос-салақтығынан мұнайдың аққанын дер кезінде аңғармаған.

*Қорғауши-адвокаттардың әрекеттері заңды ма, соны шешініз.*

*ҚР ҚК 332-бабы 1-бөлігіне сәйкес қылмыстық-құқықтық жауаптылық қандай жағдайларда басталады?*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

8. Балық қорғау қызметінің инженері Павлов өзен қойнауларын тексеріп жүріп, зансыз арқан балық аулап, бөлшектеп жатқан Тарасов пен Медведевті байқайды. Ауланған балықтың және уылдырықтың бір бөлігін Павлов өзіне алады, ал қалған бөлігімен оларды енді балық аулау ережелерін бұзбанدار деп ескертіп, жібере салады. Бірақ та олар өз мекендеріне жетпестен полиция қызметкерлерінің қолына түседі.

*Тарасов пен Медведевтің іс-әрекеттерінде ҚР ҚК 335-бабында белгіленген қылмыс құрамы бар ма?*

*Егер осы жасалған әрекеттер реңми балық аулау науқанында орын алса, онда оның басқаша саралануына қандай негіз бар?*

*Су жануарлары мен өсімдіктерін заңсыз аулау дегеніміз не?  
Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

9. Аудандық аңшылар қоғамының төрағасы Ковалев Кеңес аудандық әкімшілігінің басшысы Нестеровтың өтініші бойынша аталған аудан әкімшілігінің орынбасары үшін тыйым салынған кезең болса да, аң аулауы ұйымдастырады. Аң аулау барысында барлығы үш ақбөкен, екі түлкі және бір жабайы қабан өлтірілді.

*Ковалевтің жасалған іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*ҚР ҚҚ 337 және 338-баптарында белгіленген қылмыстық құқық buquerqueлықтардың шектелу шеңберін жасаңыз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

10. Әйелі мен кішкентай үш бірдей баласын бағуға, жалпы күн көруге мұршасы, қаражаты жоқ, еш жерде жұмыссыз Сидоров жеңіл көлікпен танысы екеуі қорық аумағына келеді. Щучье көлінде моторлы қайықпен олар түн жамылдық көлден 120 килограмм балық аулайды, дегенмен де жағаға оралған кезде, оларды балық қорғау қызметінің қызметкерлері ұстайды.

*Сидоров пен оның танысының іс-әрекеттері ҚР ҚҚ 335-бабында көрсетілген қылмыс құрамына жата ма?*

*Осы жасалған іс-әрекеттерге қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*Су жануарлары мен өсімдіктерін заңсыз ірі мөлшерде олжалау дегенді қалай түсіндіресіз?*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

## **КӨЛПКТЕГІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР**

1. Павлов пен Сергеев деген азаматтар Сергеевтің пәтерінде оның туған күнін атап өтеді. Сол күні Павлов «Мазда» автокөлігімен келіп, оны Сергеевтың пәтері орналасқан подъездің алдына қояды. Туған күнді атап өту барысында Павлов пен Сергеев мас болып, ұйықтап қалады. Павлов ұйқыға кеткен уақытта Сергеев тұрып, «Мазда» автокөлігінің кілтін алып, қала ішінде автокөлікпен қыдыруға кетеді. Сол уақытта Сергеев автокөлікпен келе жатып Ибраев деген жаяу жүргіншіні басып кетеді, соның салдарынан Ибраевтың денсаулығына ауыр дәрежедегі зиян келеді.

*Павлов пен Сергеевтің іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

2. «Газель» маркалы маршруттық таксидің жүргізушісі Түсіпов маршрут бағыты бойынша көпірдің үстінен тиісті шамадан асатын жылдамдықпен келе жатып, жолдың шұңқыр және ойқы-шойқы жерлерін айналып өту мақсатында қарсы бағытқа шығып кетеді. Соның салдарынан Тихонов деген азаматтың басқаруындағы «Мерседес» автокөлігімен соқтығысып, оның денсаулығына ауыр зиян келтіріледі.

*Түсіповтың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

3. Петров шіркеудің жанынан Спасскі тас жолынан өтіп бара жатады. Тұрсынов осы кезде автокөлігімен Спасскі тас жолымен жол қозғалысы ережелерін бұлжытпай орындалап келе жатып, жолдың рұқсат етілмеген жерінен жұмысқа бару үшін асықпай өтіп бара жатқан Петровты байқамай қалады. Тұрсынов жаяу жүргіншіні басып кетпеу мақсатында кенет автокөлігін оң жаққа бұрып жібереді, сол кезде жолдың жиегінде тоқтап тұрған, шөп артып алған «ГАЗ 53» автокөлігімен соқтығысады. Соқтығысу салдарынан Тұрсынов есінен танып қалады, ал Петров жедел жәрдем шақыру үшін автобекетке жүгіріп кетеді де, содан арықарай жұмысына кетеді.

*Тұрсынов пен Петровтың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз. Тұрсынов қылмыстық жауапкершілікке тартылуы тиіс не?*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

4. Поезд вагонында азық-тұлік тағамдарын сатып жүрген Оспанова вагоннан шығып үлгермелендіктен, поезд 40 км/сағ жылдамдықпен жүріп бара жатқанына қарамастан жедел тоқтату кранын жұлдып алады. Кенет тоқтату салдарынан 18 жолаушының денсаулығына ауыр зиян тигізіледі.

*Оспанованың іс-әрекетіне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.  
Оспанова қылмыстық жауапкершілікке тартылуы тиіс не?  
Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

5. Алматыға бағыт алған «Ту-154» самолетін басқарып келе жатқан пилот Ефремов оң жақ двигательдің ақауын байқап, Балқаш аэропортына самолетті рұқсатсыз өзі қондырды. Соның салдарынан басқа ұшақтың ұшуды кейінге шегіндірлді.

*Ефремов қылмыстық жауапкершілікке тартылуы тиіс не?  
Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

6. Боранбаев Ж. қаланың сыртына шыққаннан кейін баласы Арманға автокөлікті жүргізуі үйрету мақсатымен автокөлікті жүргізуге береді. Соңғысы автокөлікті басқара алмай сиырды басып кетеді. Соның салдарынан сиырдың аяғы сынды, ал Ж.Борамбаевтың денсаулығына орташа дәрежедегі зиян келеді.

*Ж.Борамбаевтың іс-әрекетіне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.  
Ж.Борамбаев қылмыстық жауапкершілікке тартылуы тиіс не?  
Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

7. Қатты мас қүйінде «ГАЗ-3110» автокөлігін жүргізіп келе жатқан Юнусов қайта-қайта жолдың қарсы бетіне шыға берді. Осы сәтте қарама-қарсы жақтан Беляковтың басқаруындағы жүріп келе жатқан «УАЗ» маркілі автокөлігі шығады. Қарсы келе жатқан автокөлікке жақындей келе, Юнусов кенет рульді өзінің жағына қарай бұрып жібереді. Соқтығысу салдарынан «УАЗ» автокөлігі жол жиегіне аударылып, «УАЗ» автокөлігінің екі жолаушысының денсаулығына орташа дәрежедегі зиян тигізілді, ал бір жолаушы оқиға болған жерде алған жарақаттардан қайтыс болды.

*Кінәлілердің іс-әрекетіне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.  
Әрқайсының жауапкершіліктері туралы сұрақтарды шешіңіздер.  
Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

8. Ақаудың орын алуына байланысты “Горводоканал” бригадасы, су жүргізетін магистраль құбырды жөндеу барысында жолдың жөндеу жұмыстары болып жатқан бөлігін қоршап қояды. Тексеру барысында қоршалған ауданнан тыс жерде жатқан канализациялық люкті қарау қажет екендігі анықталды. Жөндеуші Ахметов алдын ала ескерту жасайтын жол жөндеудегі белгіні көшірмей, қоршалған ауданнан тыс жердегі канализациялық люкті ашып, оны қарауға кірісті. Осы кезде сол жолдың бойымен Ефремовтың басқаруымен маршруттық такси келе жатқан. Жоғары беткейге жер астынан кенеттен шыға келген Ахметовты басып кетпеу мақсатымен, Ефремов кенет маршруттық таксиді тоқтатты және жол шетіне қарай рульді бұрып жіберді, соның салдарынан маршруттық

таксидегі жолаушылардың денсаулығына орташа дәрежедегі зиян келтірілді.

*Кінәлілердің іс-әрекетіне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.  
Әрқайсының жауапкершіліктері туралы сұрақтарды шешіңіздер.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

9. Мұнаймен толтырылған танкерде өрт басталды, дүрбелеңге салынған кеменің әкипажы құтқаратын кішкентай қайықтарды түсірмesten, борт сыртына секіріп түседі.

Осы кезде бортында бір топ туристері бар серуендеуге шығатын катерді басқарып келе жатқан Артемов қастарынан жүзіп өтіп бара жатқан тенкердегі тұтінді көріп, кез келген уақытта жарылып кетуі мүмкін деп жорамалдалап, апат жағдайы болып жатқан танкердің қауіп-катерге ұшыраған әкипажына көмек көрсетпестен өзінің басқаруындағы катерді қауіпсіз жерге апаруға бағыттап бұрды.

*Артемов пен кеме әкипажының іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

10. Жыл сайын Курилов жаз маусымында қалалық паркте тракторға ұқсайтын транспорт құралын басқарып, балаларды оған тиелген дөңгелекті арбаға отырғызып қыдыртатын. Бір кеште ол өзінің әскерде бірге болған танысы Немцовты кездестіреді, ол кездесуді атап өтуді ұсынады. Біраз ішімдікті ішіп алғаннан кейін Немцов Куриловқа парк аумағында өзін сол арбамен қыдыртуын сұрайды. Курилов келіседі де, жүріп келе жатып, бұрылыш кезінде Стремиловты басып кетеді. Соның салдарынан денсаулығына келген зияннан Стремилов 47 тәулік бойы стационарлық емдеуде жатады.

*Курилов пен Немцовтың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

## **МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ПЕН МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ МУДДЕЛЕРІНЕ ҚАРСЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР**

1. Теміртау қаласы бойынша салықтық емес аудит бөлімінің бастығы Құмбаев билік өкілі міндетін иемдене отырып, сондай-ақ ұйымдастырушылық-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыра отырып, жеке кәсіпкер Пенкиннің дүкенін тексеріп, ҚР ӘҚБтК-нің 269-бабының 2-бөлігіне (Мемлекеттік кіріс органында тіркеу есебіне қою мерзімін бұзу) сәйкес салық салу саласындағы заңдылықты бұзғаны үшін 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, яғни, 29 730 теңге айып салу шешімі көрсетілген актін алдын ала орынданап қояды. Содан Пенкинді өзіне шақырып алып, анықталған заң бұзушылықтарды көрсетпестен көріне жалған тексеру актісін жасау үшін өзіне 22000 теңге әкеп беруін сұрады. Оған Пенкин келіседі. Сонда Құмбаев өз қарамағындағы Барковқа Пенкиннің дүкенін тексеру барысындағы анықталған заң бұзушылықтарды көрсетпестен дүкенді тексеру актісін жаңадан еш кемшіліксіз жазуын бұйырады, осылайша Құмбаев Пенкиннен 22000 теңге көлемінде ақша алып, Пенкинді әкімшілік жауапкершіліктен босатады.

*Барковтың іс-әрекеттерінде қандай да бір қылмыстық құқық үзүншілік белгілері бар ма? Шешіміңізді негіздеңіз.*

*Құмбаев пен Пенкиннің іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

2. Бұқар-Жырау аудандық ПБ Тельман ПБ ҚІБ бастығының орынбасары Құсаев 85 000 теңге тұратын «Қазақтелеком» АҚ-на тиесілі 500 м. кабель сымын ұрлады деген айыппен Жаңа-Өзен қыстағында бұрын сотты болған Фетисовты ұстайды да, Тельман ПБ-нің ғимаратына алып келеді. Қылмысты ашу пайызын жоғарылату мақсатында оны өз кабинетінде 4 тәулік бойы ұстайды. Құндіз үйінде түрлі жұмыстар істетсе, түнде ПБ қабинетіне қамап қояды. Онымен қоса, Құсаев ұдайы Фетисовты кабельді ұрлағанын мойындарын үшін дене күшін қолданамын деп қорқытады. Соның салдарынан ұдайы қысым көруден Фетисов кабельді ұрлағанын мойындарды. Кейін жедел қызметкөр Сембаев қылмыстың ашылу пайызын жоғарылату үшін өзінің кабинетінде Фетисовтан мыс желісі мен қаңылтыр сауытты тәркілеу және өлшеу туралы акті толтырады, оған осы ауылдың Шакенов және Досяқ деген азаматтарының мәліметтерін жазып және куәгер ретінде қатысты деп, олардың қол таңбаларын өзі қояды. Содан кейін ұрлықтың ашылғаны жөнінде баянатпен баянданап, материалды тергеуге береді. Тергеуші

Сыздыков материал деректері бойынша ҚР ҚҚ-нің 188-бабы 2-бөлігімен қылмыстық іс қозғап, «қамаққа алу» бұлтартпау шарасын таңдайды.

*Құсаев пен Сембаевтың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*Тергеуши Сыздыков қылмыстық жауаптылықта тартылады ма?*

*Талқылау үшін басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

3. Қарағанды қалалық ПБ ӘПБ жол-патрульдік полиция қызметкері, полиция сержантты Бурков қоғамдық қауіпсіздікті сақтау бойынша қызметті атқару барысында өзінің патрульдік маршрут аумағында мас күйінде жүрген азамат Жуковты ұстайды. Бірақ оны тінтуді куәгерлерсіз жүргізіп, одан медициналық инелер мен қоңыр түсті майлар сұйықтық тапты. Содан кейін медициналық айықтырғышқа алыш барамын және есірткі құралын сақтау фактісі бойынша қылмыстық іс қозғаймын деп қорқытқан Бурков материалды рәсімдемеу үшін 35000 теңге талап етеді. Жуков оған келіседі. Содан Бурков үш күн бойы Жуковтың жұмыс орнына келіп, одан 35000 теңгені беруін талап етеді, нәтижесінде Жуков аталған ақшаны беруге мәжбүр болады.

*Бурковтың іс-әрекеттерінде қандай да бір қылмыстық құқық бұзушылықтың белгілері бар ма?*

*Жуков қылмыстық жауаптылықта тартылады ма?*

*Талқылауга басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

4. Жаңа-Майқұдық ПБ тергеушісінің көмекшісі Кабулова кінәлінің шешесі Пероваға келіп, өзін қорғаушы Саденовамын деп таныстырады. Ис бойынша қорғаушы болу үшін және Перованы баласымен кездестіру үшін одан 45 000 теңге талап етеді.

*Кабулованың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*Талқылауга басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

5. «Су» АҚ директорының орынбасары Иванов бас директордың нұсқауымен қаражатты зейнетақы бөліміне аудармау оқиғасы бойынша қылмыстық іс қозғамау мақсатында қаржы полициясының қызметкері Булгиновқа қызметтік бөлмеде ақ конвертке салынған 1000 АҚШ долларын ұсынады. Конвертте сонымен бірге іс бойынша қылмыстық іс қозғамау туралы өтініші болды.

*Бас директор мен оның орынбасары Ивановтың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*Талқылауга басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

6. Қарағанды қаласы ПБ-ның Орталық полиция бөлімінде полиция лейтенанты Калькин «Алаутрансгаз» АҚ аумағынан металл жымқыру оқиғасы бойынша тергеуге дейінгі тексеріс барысында сезікті

Лавренюктің әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы шешім шығарады. Содан кейін белгіленген заңды тәртіп бойыша қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы материал Қазыбек би аудандық прокуратурасына жіберіледі. Калькин шығарылған шешім туралы Лавренюкті хабардар етпестен, оның түрғылықты мекен-жайына барып, қылмыстық іс қозғау және оны сотқа жіберу туралы қорқытып, Лабренюкқа қатысты оның пайдасына қарай шешім қабылдау үшін, яғни қылмыстық іс қозғаудан бас тарту үшін одан 35000 теңге талап етеді. Лавренюк амалсыздан қойылған талапқа келісімін береді. Екі күн өткеннен кейін, келісілген жерде «Ампир» казиносының алаңқайында Калькиннің жеке өзіне 35000 теңге көлемінде ақша сомасын береді.

*Калькин іс-әрекеттерінде қандай құқық бұзушылықтың құрамы бар екендігін анықтаңыз.*

*Талқылауга басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

7. Октябрь аудандық әскери комиссариаты бастығының орынбасары Қойлыбеков Латвияда тұрақты тұруға қоныс аударуына байланысты әскери билетін жеделдетілген мерзімде қайта қалпына келтіріп жасап беруі үшін, азамат Вороновтан 300 АҚШ долларын сұрайды. Келісілген уақытта Қойлыбеков өзінің қызметтік кабинетінде аз. Вороновтан 150 АҚШ долларын алып, ақша сомасының қалған бөлігін әскери билетті алған кезде беруіне келіседі.

*Қойлыбековтің іс-әрекетінде қандай құқық бұзушылықтың құрамы бар екендігін анықтаңыз.*

*Вороновтың іс-әрекетіне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*Талқылауга басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

8. Қарауыл бастығы полиция капитаны Умашев соттағы қарауыл бөлмесінде айыптылар Ионин және Сагитовпен бірге, сондай-ақ күзетшілер Беріков және Өміровтермен ішімдік ішіп отырғанда ауыр қылмыс жасағаны үшін ұсталған Ионин қашып кетеді.

*Умышевтың іс-әрекетіне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*Беріков пен Өміров қылмыстық жауаптылыққа тартылады ма?*

*Талқылауга басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

9. Энск қаласы ШБ жол-патрульдік полициясының қызметкері, полиция сержанты Әбдібек белгіленбеген жерде сауда-саттықпен айналысу оқиғасы бойынша ешқандай шара қолданбау үшін Песковтан 5500, Ивановтан 6000, Добродокинадан 7500 теңге алады.

*Әбдібектің іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*Талқылауга басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

10. Сарыарқа аудандық ПБ тергеу бөлімінің бастығы Мазыбеков қызметтік бабын пайдаланып, Байшаловадан Алматы аудандық ПБ тергеушісімен зорлау қылмыстық құқық бұзушылығы үшін жауапқа тартылып жатқан оның жиені Сапишевтің пайдасына оңтайлы шешім қабылдау мәселелесін шешіп беру үшін 500 АҚШ долларын алады.

*Мазыбековтің іс-әрекетіне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.  
Жауаптылық мәселесін шешіңіз.*

*Талқылауға басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

## БАСҚАРУ ТӘРТІБІНЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР

1. Қарағандының «Шахтер» футбол командасы Қызылорданың «Қайсарына» жеңіліп қалғанына ызаланған 17-жасар Носов, Комаров және Орловтар мас күйлерінде «Шахтердің» жалауын жұлып алғып оны өртемекші болады. Олардың бұл ойлары іске аспады, өйткені күзетші полиция шақырып, қоғамдық тәртіп сақтау қызметкерлері бұзақыларды Энск қалалық НБ Михайлов полиция бөліміне жеткізеді.

*Носов, Комаров және Орловтар қылмыстық жауаптылыққа тартылады ма? Егер де тартылатын болса, онда олардың әрекеттерінде қандай қылмыстың құқық бұзушылықтың белгілерін байқауга болады?*

*ҚР ҚК 372-бабында қарастырылатын қылмыстық құқық бұзушылықтың заты не болып табылады?*

*Талқылауга басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

2. Орталық демалыс паркінде кешкүрм спирттік ішімдік ішіп алған Кирьянов жаңынан өтіп бара жатқан бейтаныс бір адамға себепсіз жұдырықпен бетінен соққы жасайды. Болған оқиғаны көріп қалған полиция сержантты Мұқтаров Кирьяновты ұстамақ болады. Ал ол болса полиция қызметкерінен қашып, қуғыннан жасырынбақ болады. Полиция қызметкерінің «Тоқта» деген занды талапбына бағынбастан кінәлі Кирьянов қалтасынан саптамалы пышақ шығарып екі рет оны қолданбақ болады, бірақ Мұқтаров соққыларға тойтарыс беріп, оны аяғынан қағып түсіреді. Кирьянов болса Мұқтаровқа балағат сөздер айтып, тағы да қашып кетпек болады, бірақ жетіп үлгерген полиция қызметкерлері нарядының көмегімен Кирьянов қарусыздандырылып, полиция бөліміне жеткізіледі.

*Кирьяновтың іс-әрекетіне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз? Егер Мұқтаровтың денсаулығына орта дәрежедегі зиян келтірілсе, онда ол қылмыстық құқық бұзушылықтың саралануына әсер етеді ме?*

*Талқылауга басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

3. Есіл аудандық сотының сот орындаушысы Нестеров пәтерден шығару туралы сот шешімін орындау мақсатымен бұрын сотталған Малышевтың пәтеріне учаскелік инспектор Маликов пен КСК қызметкери Игнатованы ертіп келеді. Малышев болса келгендерді пәтеріне кіргізбейді. Саты алаңқайына шығып, балағат сөздер айтып, пәтерден шығаруды тоқтатуларын талап етеді, олай болмағанда өзі жақсы білетін сот орындаушысы Нестеровтың отбасы мүшелеріне қастандық жасаймын деп қорқытады. Онымен қоса, Малышев учаскелік инспектор Маликовқа қол жұмсал , қасында тұрған Игнатованың ішінен аяғымен теуіп жібереді. Осы кезде жетіп үлгерген полиция наряды Малышевты ұстau бойынша шараларды қолданады.

*Малышевтың іс-әрекетіне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*Билік өкілі деп кімді айтамыз? Сол орындаушысын билік өкілі деп тануға болады ма?*

*Талқылауга басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

4. Қарағанды қаласындағы бір университеттің студенттері Степанов пен Резванов кешкілік уақытта кафедра қызметкерінің жоқтығын пайдаланып шкафты бұзады да бұрынғы жылдардағы университет бітірушілерінің 20-дан астам диплом жұмыстарын ұрлап алғып кетеді. Бұл диплом жұмыстарын олар осы жоғары оку орнының сырттай оку бөлімінің студенттеріне сатты.

*Степанов пен Резвановтың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*Степанов пен Резванов қылмыстық жауапкершілікке тартылады ма? Егер тартылатын болса, онда олардың іс-әрекеттерін саралаңыз.*

*Талқылауга басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

5. Қонақ үй әкімгершілігінің қызметкері Назарова, осы қонақ үйдің уақытша тұрғындарына пошта арқылы түскен ақша сомасын жымқыру мақсатында ақша аударымы туралы хабарландыру түбіртегін алғып отырған, жалған сенімхат жасап, осылай қолға түскен ақша сомасын өзінің қажеттілігіне жұмсайды. Тек арада үш ай уақыт өткен соң ғана оның осы қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттері әшкере болады. Назарова барлығы 95 мың теңге ақшаны жымқырып үлгерген.

*Назарованың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*Талқылауга басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

6. Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлар жемқорлыққа қарсы агенттіктің қызметкері Алиев моншада шомылып жатқан кезде оның қызметтік күәлігін Федоров ұрлап алады. Сол құжатты өз атына ұқсатып жасап алғып, Федоров оны базарда жекелеген кәсіпкерлерге көрсетіп олардан салық төлеуді талап етеді, ал осындай жолмен алған ақшаларды өз қалтасына салады.

*Федоровтың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*ҚР ҚК 384-бабында қарастырылатын қылмыстық құқық бұзушылықтың заты не болып табылады?*

*Талқылауга басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

7. Өзінің танысы Власовтың пәтерінде болған Самсонов серванттан білдірмей 12000 теңге алғып кетеді. Бірнеше күннен кейін Власов жоғалған ақшаларды аңғарып, үйіне Самсоновтан басқа ешкім келмегендіктен, бұл жайды полицияға хабарлайды. Іс бойынша барлық мән-жайлар тексерілгеннен кейін Самсонов полиция бөліміне жеткізіледі. Ақшаны алғандығын Самсонов мойындағы, бірақ та мұндай әрекетке ол

Власовтың уақытша алған магнитофонды қайтармағандықтан жасағанын мәлімдеді.

*Самсоновтың іс-әрекетінде қандай қылмыстық құқық бұзушылықтың белгілері байқалады?*

*Осы жасалған мән-жайларга қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*Талқылауға басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

8. Облыстық мәслихат депутаты Каверин кешкі мезгілде әйелімен демалыс паркінде қыдырып жүреді. Бір кезде ол екі жас жеткіншектің қызы балаға тиіспіл жатқанын байқап қалады. Қызы бала көмекке шақырып дауыстайды. Каверин жас жеткіншектерге депутаттық куәлігін көрсетіп олардың өз әрекеттерін доғаруын талап етеді. Бұзақылардың бірі Шевцов Кавериннің қолынан куәлікті жұлып алғып, одан соң пышақ шығарып куәлікті кесіп және лақтырып жібереді. Осы мезетте бұзақылардың екіншісі Иксанов Каверинді бетінен ұрады. Каверин мен бұзақылар арасында төбелесе басталады. Осы кезде парк ішінде кезекшілікте жүрген полиция қызметкерлері Степанов пен Мельников келіп Каверинге жеткіншектерді ұстауға көмектеседі.

*Шевцов пен Иксановтың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*ҚР ҚК 384-бабында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылық қай сәттен бастап аяқталған болып есептеледі?*

*Талқылауға басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

9. Мектеп бітірушілерінің кезекті жиынында бұрын бір сыйыпта оқыған Гуляев пен Дмитриев кездеседі. Өзара өз өмірлері туралы әңгімелесу барысында Дмитриев Гуляевқа өзінің жақсы жұмысқа орналасқанын, яғни, үлкен бір кәсіпкердің күзетшісі қызметіне тұрғандығын, жалақысының жоғары екенін, жағдайының жақсылығын мақтанып, сонымен қатар, “қожайынымен” бірге көп жерлерге барып жүріп, оның ілтишатына бөлленетінін де айтады. Осы әңгіме барысында ол жасырын сипаттағы, оның ішінде “қожайын” жұмысының қауіпсіздік шараларына қатысты бірқатар ақпараттарды бірнеше мәрте айтады.

*Дмитриевтің қылмыстық жауаптылыққа тартылуына негіз бар ма?*

*ҚР ҚК 382-бабында қарастырылған қылмыстың субъективтік жағының мазмұнын ашиңыз.*

*Осы қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі болып кім табылады?*

*Талқылауға басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

10. Аудандық әскери комиссариаттан шақырту қағазын алған Қасымов оны қателік деп санап мән берместен ауылға туыстарына кетіп қалады. Үш айдан соң оралған ол өзіне қатысты әскери қызметке

шақырылудан жалтарды деген айыппен қылмыстық іс қозғалғанын біліп таң қалады. Жауап алу кезінде Қасымов мынадай себепті жағдайларын алға тартты: жақындағанда ғана әкесінің қайтыс болғанын және соның салдарынан шешесінің ауыр халін, ол кісінің аурұханаға түскенін, сондай-ақ, кішкентай қарындасына қараша керек екенін айтты.

*Қасымовты қылмыстық жауапкершілікке тартуға болады ма?*

*КР ҚК 387-бабына сәйкес әскери қызметтен жалтару дегенімізді қалай түсінесіз?*

*Талқылауга басқа да нұсқалар құрастырыныз.*

## **СОТ ТӨРЕЛІГІНЕ ЖӘНЕ ЖАЗАЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУ ТӘРТІБІНЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР**

1. Облыс әкімшілігінің қызметкері Борашевтың ұлы ҚР ҚК 293-бабының 2-бөлігі 1) тармағында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылды (алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған бұзақылық). Өзінің лауазымдық қызметін пайдалана отырып Борашев осы қылмыстық істі тергеп-тексеріп жатқан АПБ тергеушісі Петренкодан баласын қылмыстық жауаптылықтан босатып, оны тек күә болып танылуын талап етті.

*Борашевтың іс-әрекеттерінде қылмысты жазалауға жетатын белгілер бар ма?*

*Осы іс-әрекеттерге қылмыстық-құқықтық баға беріңіз. Өз жауабынызды дәлелденіз.*

*Талқылауға басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

2. ҚР ҚК 297-бабының 3-бөлігі 1) тармағы (есірткі құралдарын ірі мөлшерде өткізу) бойынша қылмыстық жауапқа тартылған Семеновқа қатысты айыптау үкімін жариялау кезінде оның туыстары шығарылған шешімге наразылықтарын білдірді. Олар Семеновты ұстаған, сот процесінде күә ретінде қатысып отырған есірткі бизнесіне қарсы құрес бөлімінің жедел уәкілдері Сұлтанов пен Васильевті дөрекі балағаттады.

*Семеновтың туыстарын қылмыстық жауапкершілікке тартуға негіз бар ма?*

*Талқылауға басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

3. Еш жерде жұмыс істемейтін Садықов түнгі сағат 2-де есігі бұзылып, өрт-қүзет белгісі құралы жұмыс істеп тұрған азық-түлік дүкені жанынан өтіп бара жатты. Шақырту бойынша келіп жеткен «Күзет» қызметінің патруль жасағы Садықовты ұстал, оны үрлық жасадын деп айыптай бастады. Садықов бұл айыптаудан бас тартты. Патруль жасағы АПБ-не әкелінген Садықовты кезекші тергеуші Ниязбаевқа тапсырды. Ол Садықовқа дүкеннен жалпы сомасы 30 мың теңгеге азық-түлік жымқырдың деп айып тағады. Бір айдан соң бірнеше рет үрлық жасағаны үшін ұсталған 16-жасар жасөспірімдер Мұқанов және Маркин, жоғарыда аталған дүкеннен де азық-түлік жымқырғандарын мойындады.

*Көрсетілген тұлғалардың жауапкершілігі туралы сұрақтарды шешіңіз.*

*Өз жауабынызды дәлелдеңіз.*

*Талқылауға басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

4. Орталық АПБ-нің тергеушісі Қайранбаев ҚР ҚК 191-бабы 2-бөлігі 1), 3) тармақтарында көрсетілген қылмыстық құқық

бұзушылықтарды жасаған (жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолдану не осындай күш қолдану қатерін төндіру және адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жасалған тонау, бөтеннің мүлкін ашық жымқыру) Жораев, Мұқатов және Ермековтердің қылмыстық істерін тергеп-тексерді. Жораевтың туыстары тергеуші Қайранбаевқа оны 1000 АҚШ доллары үшін қылмыстық жауапкершіліктен босатуын сұрайды. Бұл ұсынысқа келіскең Қайранбаев Жораевты қылмыстық іс бойынша күә ретінде тану туралы қаулы шығарады.

*Тараптардың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.  
Осы іс-әрекеттерге жауаптылық мәселесін шешіңіз.*

*Талқылауга басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

5. Қылмыстық іздестіру бөлімінің жедел уәкілдері Бикеев пен Өтемов адам өлтірді деген күдікпен азамат Омаровты ұстайды, бірақ ол кінәсін мойындаамайды. Бикеев пен Өтемов қылмыстық құқық бұзушылықты жасағанын мойыннатуға қол жеткізу мақсатында Омаровты өздерінің қызметтік бөлмелерінде ұрып-соғады. Сонымен бірге, олар Омаровтың басына газ қайтарғыш(противогаз) кигізіп, арасында дем алдырмай, ауаны бекітіп тастайды. Зорлық-зомбылыққа шыдай алмаған Омаров жасамаған қылмыстық құқық бұзушылықты жасадым деп мойнына алады.

*Бикеев пен Өтемовтың іс-әрекеттерінде қандай да бір қылмыстық құқық бұзушылықтың белгілері бар ма?*

*Егер бар болса, онда жасалынған іс-әрекеттерге қылмыстық-құқықтық баға беріңіз. Жауаптылық мәселесін шешіңіз.*

*Талқылауга басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

6. ҚР ҚК-нің 120-бабының 1-бөлігі қылмыстық жауаптылыққа тартылған Сафиннің әкесі Алмалы АПБ-нің тергеушісі Бектұровқа келіп, оған 150 000 теңге көлемінде ақша сомасын әкелді. Ол Бектұровқа баласын қылмыстық жауаптылықтан босатуы жөнінде ұсыныс жасады, бірақ оған Бектұров келіспейді. Сол мезетте тергеушімен әңгіме барысында Сафиннің әкесі білдірместен Бектұровтың столының астына ақша салынған қапшықты қалдырып, бөлмеден шығып кетеді. Содан кейін Сафиннің әкесі АПБ-і бастығына барып тергеуші Бектұровтың одан баласын жауаптылықтан босатуы үшін ақша талап еткенін және ол сол ақшаларды тергеушінің бөлмесінде қалдырғанын мәлімдейді. Барлық мән-жайды тексергеннен кейін Бектұровтың ешкімнен ақша талап етпегендігі анықталады.

*Қылмыстық заңдылық тұрғысынан Сафиннің әкесі жасаған іс-әрекеттерге қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*Қылмыстардың аралас құрамдарына талдау жүргізіңіз.*

*Талқылауга басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

7. Азамат Исиннің пәтері тоналып, нәтижесінде жалпы сомасы 400 000 теңге тұратын жеке муліктері үрланады. Есірткі құралдарын пайдаланушы көршісі Тановқа өшігіп жүрген Исин өзінің арызында оны үрлық жасады деп айыптайды. Ал шындығында үрлық жасалынып жатқан мезетте Танов өз үйінде жалғыздан-жалғыз есірткі құралдарын тұтынып жатқандығы анықталды.

*Исиннің жауаптылығы туралы сұрақтарды шешіңіз.*

*ҚР ҚҚ 419-бабы 2-бөлігі мен 130-бабының 3-бөлігі арасында айырмашылықта талдау жүргізіңіз.*

*Талқылауга басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

8. Сәкенов қарақшылық шабуыл жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Оған ҚР ҚПК-нің 147-бабына сәйкес күзетпен ұстau бұлтартпау шарасы тағайындалды. Қылмыс жасалған жерде мәліметдеректерді тергеп-тексеру кезінде Сәкенов тұтқыннан қашып кетеді. Бес күннен соң Сәкенов АПБ-не қайтып келеді.

*Сәкеновты күзетте ұстauдан қашып шыққаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартуға негіз бар ма?*

*Егер күзетте ұстauдан қашу барысында Сәкенов алдын ала дайындаған, ұшталған темір құралымен күзетшіні ішінен жаралаган болса, осы сұрақтың жауабы өзгере ме?*

*Талқылауга басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

9. Үрлық жасаған Жаров бас бостандығынан айрылып, жазасын орташа қауіпсіз мекемеде жазасын өтеп жүреді. Анасының қаза болғандығы туралы хабар келген соң түзеу мекемесінің әкімшілігі оған 5 күндік демалыс беріп, жерлеуге қатысуына мүмкіндік жасайды. Жерлеп болғаннан кейін Жаров түзеу мекемесіне қайтып оралмады, ал он күннен соң ол ұсталып, қамаққа алынады.

*Жаровтың жасаған іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*ҚР ҚҚ 426-бабы мен 427-бабының қылмыстық құқық бұзушылықтардың айырмашылығына талдау жүргізіңіз.*

*Талқылауга басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

10. ҚР ҚҚ 190-бабының 1-бөлігінде /Алаяқтық/ көзделген қылмыстық құқық бұзушылық бойынша аз.Хайруллин бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде табысы мемлекет қазынасына аудару бойынша түзеу жұмыстарына жазаланады. Өзін кінәсіз деп санайтын ол шығарылған үкіммен келіспейтіндігін мәлімдейді. Сондықтан да Хайруллин жұмыстан шығып және жұмысқа орналасу жөніндегі көптеген талаптарды орындағанды.

*Хайруллиниң іс-әрекеттерінде қандай да бір қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері бар ма?*

*Талқылауға басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

11. Апалы-сіңілі Шакировалар жүмыстан соң үйлеріне маршрутты таксимен қайтып келе жатады. Олардың үлкені алда отырған жолаушы Рахимованаң алтын сырғасының ағытылып, орындыққа түсіп кеткенін байқап қалады. Ешкімнің оған мән бермегенін аңғарған ол байқатпай сырғаны алыш, алақанына жасыра қояды. Бір мезетте Рахимова сырғасының жоғалғанын байқап, оны жолаушылардан, соның ішінде Шакировалардың үлкенін де сұрастырады. Сырғаның жоғалғанына оны айыптастынан қорыққан ол көзден таса етіп сырғаны сіңлісіне береді. Сіңлісі оны тез арада жасыра қояды. Мән-жайды тексерे келе сіңлісінің оның апасы сырғаны қалай қолына жасырғанын көрмегендігі анықталады.

*Апалы-сіңілі Шакировалардың жасаған іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыйайлас қатысу мен қылмыстық құқық бұзушылыққа жанасу арасындағы айырмашылыққа талдау жүргізіңіз.*

*Талқылауға басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

## **ӘСКЕРИ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР**

1. Қатардағы жауынгер Караваев қала ішінде демалыста жүріп, қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін ұсталды. Әскери комендатураға барғысы келмей ол жол патруль полициясына қарсылық білдіріп, олардың денсаулығына орташа ауырлықтағы жарақат келтірген.

*Қатардағы жауынгер Караваевтың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*Әскери уақытта жасалынған дәл осындаи қатардағы жауынгер Караваевтың іс-әрекеттерін саралаңыз.*

*Талқылауга басқа да нұсқалар құрастырыныз.*

2. Қатардағы жауынгерлер Қадыров пен Полищук қарауыл қызметін атқару бойынша тәуліктік кезекшілікке түседі. Қарауылда қарумен жүрген олар Қостанай қаласына үйге қайту мақсатымен бөлім аумағын тастап кетуге талпынады. Сол мезетте бөлім бойынша кезекші Жақсыбаев қарауыл бастығы Маринмен бірге пост орындарын тексеріп жүрген болатын. Олар жауынгерлердің қоршаудан асып түсіп бара жатқандарын байқап қалады. Марин оларға қарауларын беру туралы және мән-жайды анықтағанша қараул бөлмесіне барулады жөнінде бұйырады, алайда Қадыров оған дәрекі сөзбен балағаттап, ал Полищук автоматтан бірнеше рет оқ атып Жақсыбаевқа ауыр дene жарақатын келтіреді. Содан кейін Қадыров пен Полищук белгісіз бағытта қашып кетеді. Үш тәулік өткен соң олардың екеуі де Сұрыптау стансасында, бөлімнен 60 шақырым жерде азық-түлік дүкенін тонау кезінде ұсталады.

*Қадыров пен Полищуктің іс-әрекеттерінде қандай да бір қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілерін анықтаңыздар.*

*Егер де олар ешкімге жарақат келтірмей, Мариннің бұйрығына назар аудармай және қаруды алып қашып кетсе қылмыстық құқық бұзушылықтың саралануы өзгере ме?*

*Талқылауга басқа да нұсқалар құрастырыныз.*

3. Даладағы оқу-жаттығуларында жүріп қатардағы екінші шақырылымдағы қатардағы сарбаз Шыңғысов қатардағы сарбаз Прохоровқа «үлкендік» жасап, оған құтымен таза су әкелуін талап етеді. Прохоров болса дивизияның орналасу орны суы бар жерден 1,5 шақырым қашықтықта екендігін айтып, су әкелуден бас тартады. Оның бұл әрекетіне Шыңғысов дәрекі сөзбен балағаттап және кешкілік ұйықтауға жатқаннан соң басқаша сөйлесеміз деп қорқытқан. Сол күні кешкі тексеруден соң Шыңғысов және оның достары Гречкин мен Жакишев Прохоровты ұрыпсоғып, оның жігіттік намысын қорлауға ұмтылады. Жан-жал болған жерге бөлім кезекшісі мен кезекші наряд жүгіріп келгенде олар Прохоровты қорлауын догара қояды.

*Шыңғысов, Гречкин және Жакишевтардың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық бага беріңіз.*

*Егер де жсан-жсалға ешкім келмесе және нәтижеде 3-дәрежедегі мүгедек болып қалған Прохоров өз өміріне қол жұмсамақ болған болса, онда Шыңғысов, Гречкин және Жакишевтар іс-әрекеттерінің саралануы өзгере ме?*

*Талқылауга басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

4. Қатардағы жауынгер Матвеев өзінің бастығы лейтенант Сатаевтың заңды талаптарына көnlі толмай, кешкі тексеруден соң оны тоқтатып алдағы уақытта өз міндептіне кіретін тапсырмаларды орында деп бұйыратын болса, онда оны өлтіріп тастаймын деп қорқытқан.

*Қатардағы жауынгер Матвеевтің іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық бага беріңіз.*

*Егер де Матвеев лейтенант Сатаевты мүмкін емес талаптарды орындауды бұйырганы үшін өлтіретіндігін басқа әскери қызметшілерге айтса қылмыстық құқық бұзушылықтың саралануы өзгереді ме? (Сонымен бірге лейтенант Сатаев жоқ болса және бұл туралы ештеме білмесе)?*

*Талқылауга басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

5. Қатардағы жауынгерлер Ляпин мен Петунов взвод орындаған бөлім аумағындағы шаруашылық жұмыстарынан жалтарып, казармада қалып қояды. Оларды көріп қалған рота командирі жауынгерлерге жұмысқа баруға бұйрық береді. Ал олар болса жұмысқа бармауға өзара келісіп, бұйрықты орында майды.

*Аталған жауынгерлердің іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық бага беріңіз.*

*Талқылауга басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

6. Взвод командирі Петров өзінің жазба кітапшасына қарамағындағы бағынышты сарбаздарға жауынгерлік дайындық бойынша өткізетін сабактың оқу тақырыптарына қатысты жариялауға жатпайтын мәліметтерді жазып қояды. Ол жазба кітапшасын жоғалтып алады. Трамвайда оны тауып алған азамат әскери тұрғыдағы мәліметтерді көріп, сол кітапшаны әскери басшыларға тапсырған.

*Петровтың іс-әрекетіне қылмыстық-құқықтық бага беріңіз.*

*Егер де кітапшага мемлекеттік құпияларды қамтитын әскери сипаттағы мәліметтер енгізілген болса, онда іс-әрекеттің саралануы өзгереді ме?*

*Талқылауга басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

7. Сарбаз Миронов көлік жүргізу куәлігі болмаса да, рұқсатсыз бөлімнің көлік паркінде арнайы машинаны оталдырып, оны қозғалысқа

келтіреді. Автопарк аумағында Миронов жол жүру ережелерін бұзып, басқа машинамен соқтығысады. Соның нәтижесінде жүргізуші сарбаз Матросов орташа ауырлықтағы жарақат алады.

*Мироновтың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*Егер де сарбаз Матросов сол жерде қаза тапса, Мироновтың іс-әрекеттері қалайша сараланады?*

*Талқылауга басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

8. Ату алаңындағы ату жаттығулары аяқталған соң сарбаз Николаев атыс шебінде қару қорапшасының ішінде оқтың бар-жоғын тексермейді. Содан кейін командирдің бүйріғымен ол орнынан тұрып, өз бөлімшесіне қарай жөнеледі. Сол сәтте ол сүрініп, қаруын қолынан түсіріп алғып, автоматтан оқ атылады. Соның салдарынан сарбаз Михайловты жарақаттап, көкбауыры жараланады.

*Сарбаз Николаевтың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*Егер де зардан болмағанда Николаевтың іс-әрекеттерінің саралануы өзгере ме еди?*

*Талқылауга басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

9. Әскери кезекшілік барысында 1-ранг капитаны Қожахметов басшылық ететін торпедалық қайық үстінде, машиналық бөлімшеде өрт пайда болды. Теңіз сарбазы Белоусов командирдің рұқсатынсыз қайықты тастап кетеді.

*Сарбаз Белоусовтың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*Егер осы оқиға сөзіс жағдайында жасалған болса, іс-әрекеттің саралануы өзгере ме?*

*Талқылауга басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

10. Қатардағы жауынгер Федоров әскери мүлік қоймаларын қорғау бойынша қарауыл құрамында болған мезгілінде өз еркімен сақшылық қызметін тастап, қарауыл ғимаратына жылыну үшін кетіп қалған. Сақшының өз орнында жоқ екенін көріп қалған белгісіз біреулер қоймаға кіріп, 150 000 мың теңге көлеміндегі мүлікті жымқырып кеткен.

*Сарбаз Федоровтың іс-әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*

*Талқылауга басқа да нұсқалар құрастырыңыз.*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ БОЙЫНША ЕСЕПТЕР ЖИНАФЫ

Жауапты редактор С.К. Алтайбаев

Басылымға жіберілді. Басылымға қол қойылды.  
Форматы 60'841/16. Офсеттік басылым, қағаз.  
Тиражы 100 дана. Заказ № \_\_\_\_\_. Бағасы келісім бойынша.

ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының  
баспаханасында басылды.  
Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 124